



Түркістан кітапханасы

БАУЫРЖАН ЕРМАН

Галактикадағы ғұмыр

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(Қаз)-5
Б28

Б28 Галактикадағы ғұмыр,
Бауыржан Е., –Шымкент, «Биік» жарнама агенттігі, 2024.–180 б.

ISBN 978-9965-27-558-6

Қазақ–аса талантты, көмейінен жыр төгілген ақын халық. «Атқа мінген қазақтың алты ауыз өлеңі бар, түйеге мінген қазақтың төрт ауыз өлеңі бар» ел болсақ та, Тәңірі берген талантын аялап, ұштап, мол біліммен, ізденіспен таза ақындық жолға аяқ басқан жас толқынның жаңа қадамына елеңдеп қараймыз, үміттеніп қараймыз. Осындай жас таланттың бірі–Бауыржан Ерманның тұңғыш жыр жинағы көрермен қауымға жол тартқан екен.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(Қаз)-5

ISBN 978-9965-27-558-6

@Бауыржан Е.,2024
@«Биік» жарнама агенттігі



Өмірбаян

ЕРМАН Бауыржан Мейірханұлы 1998 жылы 22 наурызда Түркістан облысы, Отырар ауданы, Отырар ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебін аяқтаған соң академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Еңбек жолын республикалық ERNUR.KZ ақпараттық порталында бастаса, қазір қазақ баспасөзінің қарашаңырағы– «Оңтүстік Қазақстан» облыстық қоғамдық-саяси газетінде қызмет етіп келеді.

2019 жылы Шымкент қаласы бойынша және 2021 жылы Түркістан облысы бойынша «Жылдың нұздік жас тілшісі», 2020 жылы «Жылдың үздік жас ақыны» номинацияларын иеленген. Бірнеше облыстық және республикалық жыр бәйгелерінің жүлдегері. 2023 жылы Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына орай өткізілген мүшәйраның жеңімпазы атанса, Түркістан облысының 5 жылдығына арналған жыр додасында жүлдегер атанған.

* * *

Қазақ–аса талантты, көмейінен жыр төгілген ақын халық. «Атқа мінген қазақтың алты ауыз өлеңі бар, түйеге мінген қазақтың төрт ауыз өлеңі бар» ел болсақ та, Тәңірі берген талантын аялап, ұштап, мол біліммен, ізденіспен таза ақындық жолға аяқ басқан жас толқынның жаңа қадамына елеңдеп қараймыз, үміттеніп қараймыз. Осындай жас таланттың бірі–Бауыржан Ерманның тұңғыш жыр жинағы көрермен қауымға жол тартқан екен.

«Туғанда, дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең. Дүниедегі қызықтың бәрі өлеңмен, Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең»-деп хакім бабамыз бүкіл ғұмырымыздың өлеңмен өрілетінін жеткізген. Алайда, қалам ұстағанның бәрі ақын болмайтыны тағы ақиқат. Осы ауыр да жауапты жолға тәуекел еткен Бауыржанның алғашқы жинағына балаң, бозбала шағымен бүгінге дейін жазған жырлары енгізіліпті. «Поэзия махаббатпен басталып, парасатпен аяқталады» деп Мұқағали ақын айтпақшы, жас ақынның алғашқы өлең жырлары жастыққа тән алып-ұшпа сезім, аңғал көңіл, махаббат лирикасына арналған.

«Сенің атың - ең көркемі сөзімнің, Әрбір түнде өзіңді ойлап көз ілдім. Бұрын сонды сүймеп едім дәл бұлай, Неткен ғажап құдіреті сезімнің!»-деген, немесе:

«Ол кезде ғашықпыз.

Кездесіп, құшуға соншама асықпыз. Сағыныш дегенді сол кезде сезінгем
Неге біз сынаққа төзбеген жасықпыз?»—деген жолдардан балаң жүректің риясыз сезімін, дәрменсіз күйді бастан кешкен нәзік көңілдің күйін аңғарамыз.

«Қарағым, тырнама жүректі, Кеудені сілкіме.

Лаулаған жаныма нөсер боп бүркіме.

Тентіреп жүрмін мен, шәрбатың масайтып

Тым тәтті мұңдарды жасырып күлкіге» -деп ақын алуан күй кештірген махаббат әлемін алғаусыз сезіммен өрнектейді.

«Ұнатам!

Өзіңді іздеуде түнектен–Түндермен тілдесу.

Болмайды ешқашан сыңарсыз жүрекпен Бақытты күн кешу!» -деген жолдар да тіршіліктің мәні, бақыты–махаббат екенін қапысыз танытады.

Жас ақынның азаматтық поэзиясы туған елге, туған жерге деген сүйіспеншілігі арқылы өріліп, өткен күндердің асқақ рухын жаңғыртуға деген ұмтылысына ұштасып жатады.

Төлеген Айбергенов:

«Сөз етпе, дос, тақырыптың тарлығын, Меніңше, ол- жарлы ұғым.

Мен әуел ітуған жерді сүйемін,

Сол арқылы сүйемін мен барлығын!»-деп жырлағандай, Бауыржан ақын туған ел тақырыбына қалам тербесе, өткенге–мерей, бүгінге–сүйсініс, ертеңге– үміт әлемі алдыңнан ашылады.

«Дүмпу салған данқ іздеген заманға, Ізі қалған тарих атты алаңда.

Көк астында көк түріктер қашаған

Қас қайып тұр бал бал тастар даламда»-деген жолдардан даңқты дәуірлердің айбарлы елесі мен мұндаласа, «Тастұғырдағы мүсін» өлеңінде:

«Қасіретті күн, тамұқтан туар асыл ән, Қасиетіңді қалайша бүгіп, жасырам? Рух алып асқар бойым аәркез өтемін

Қасқайып тұрған тасмүсініңнің қасынан»-деп, тектілер рухымен сырласып, солардың мағыналы, ғибратты ғұмырын үлгі ете жырлайды.

Шарқ ұрған ақын көңілі сан алуан сауалдарға, мәңгілік сырларына да жауап іздеуден жалықпайды.

«Алаң неге төр береді соғысқа? Адам неге байқамайды жыртығын? Ғашықтарға тағдырлары тоғысқан Өмір неге кезенеді мылтығын?»

Осылайша жас дарын махаббатты жырласа, риясыз сезіммен баурап, азаматтық тақырыптарды қозғаса, ұлтының асқақ, айбарлы қасиеттерімен мерейленіп, толғанса, өмір сырларына ақын көзімен қарап, шынайы көңілмен қалам тербейді.

Қолдайтын жайт-бауырымыз қазіргі күнде дендеп кеткен өлең құрылысын қиындатып, көтерер идеясын ауырлатып, мағынасын бұлыңғырландыратын эксперименттерге бармай, қазақтың қара өлеңіне салып, қарапайым, табиғи қалпында жеткізуге талпынатындығы.

Жас талантқа қиынымен қызығы, азабымен ләззаты қатар жүретін өлең сапарында ақжол тілейміз!

Қайрат Асқар–ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

* * *

ЕРМАН Бауыржан – шығармашылығы әр тараптанған, адамзат атаулыға қатысты құндылықтарды қамтып, оны өлең жолдарымен ұжымдастыруымен ерекшеленеді. Асыра сілтеу және эмоцияға берілмей нақты шешімге құрылған ой-астарымен өрбіген өлеңдері жаныңа жақын құбылыстарды немесе сезім сәттерін сипаттайды. Әр өлеңі өзінің өмірінен алынып, өзінің қоршаған ортаға деген көзқарасын өрнектейді.

Бауыржан ақынның тағы бір ұтымды жері – оның балалар шығармашылығына ден қоюы. Балалардың көңілінен шығуы, олардың ақын өлеңін жаттап, әнге айналдыра орындауы қуанарлық жағдай.

Ақын өлеңдерін оқып отырып сауаттылықты, жинақылықты, талғампаздықты аңғарасың. Сондай-ақ адамзаттық сарын лебі де еседі. Ұлт құндылығын түгендеуде қалыс қалмаған. Отырарлық ұлдың поэзиядағы орнын үкілеген Ақ үмітке немесе жалындаған жанайқайы бар жампоз ақынға теңедік.

«Отырар әдебиеті және өнері» қоғамдық бірлестігі.

«Болмағанмын баланың қағілезі, Пенде бар ма жасайтын әмір өзі? Құғаныңды қой енді кей ғаламзат, Туғанымды қалаған Тәңір өзі».

Қазақ поэзиясына дәл осылай жырлап келген Бауыржан бойына біткен дарынның жүгі қаншалықты ауыр екенін түсініп үлгерген жас ақын. Оның адамзаттық сарындағы өлеңдерінен қаламға серт болған–ақыл-ой иелерін

парасат биігіне жетелеу миссиясын там-тұмдап болса да орындауға талпынатынын байқаймыз. Сондықтан ол қазір бозбала шағындағыдай:

*...Мона Лиза әдірем-ді сен күлсең, Жан-тәніңді түйсінемін
телмірсем. Жанарымыз түйіспеген екен ғой,*

Неге мені байқамайды деп жүрсем,—деп емес,

*Бі ршумаққа жетер-жетпес білгенім, Ең сорақы қателегім
бұл менің.*

Поэзия, айыптымын алдыңда,

Ағаттық қой көлеңкеңде жүргенім, - деп жырлап жүр.

Ал, оның:

*Керекті қамда шарапшылардан, Ба ршығар менің
қолтаңбам.*

Бейхабар боп кет Қарақшылардан,

Қызғанба мені Шолпаннан,- деп келетін өлең жолдарынан қандай да бір жаңашылдыққа, ешкім жырламаған құбылыстарды арқау етуге ұмтылатынын аңғаруға болады.

Түркістан өңірінде табан аудармай қызмет етіп, арамызда жүргендіктен біз оның Отанымызды қаншалықты сүйіп, елдің ертеңіне қалай елеңдейтінін де білеміз. Сондықтан ол қазір БАҚ беттеріндегі сүйекті мақалаларымен де, өлеңімен де ұлт игілігіне қызмет етуге талпынып жүр деп айтуға болады. Бұл сөзіміздің айқын бір дәлелі—Бауыржанның бүлдіршіндерге арнап жазған әндері. Атапайтсақ, «Ата», «Әке», «Жетіқазына», «Тәрбие туралы жыр» сынды әндері өскелең ұрпақты үлкенге құрмет көрсетіп, ақыл-кеңестеріне құлақ асуға, қазақ халқының рухани құндылықтарын қастерлеуге және ең бастысы — білім алуға шақырады.

Қалай болғанда да, Бауыржан ЕРМАН – Құдайдың өзі бойына бір дарын сепкен халықтың ұлы. Сондықтан оның болашағынан үміт күтіп жүрген адам аз емес десем, қателеспеймін. Алғашқы жыр жинағының артынан адамзатты сүйсіндіретін өлеңдер өріле берідеп сенемін!

**Айдар СЕЙДАЗЫМ,
Қазақстан Жазушылар одағы**

Түркістан облыстық филиалының төрағасы.

Анаға хат

Жатақхана жылы, бәрі орынды,
Талғап, талдап таңдап жүрмін жолымды.
Шым-шым етіп шаншыды ғой жүрегің
Кеше пышақ кескен кезде қолымды.

Алып ұшып, анда-мұнда қаңғырмай,
Сабағымды оқып жүрмін қалдырмай.
Арасында жарқ етеді құлының,
Айлалыға аяғынан шалдырмай.

Ақ сүтімен өмірімді жалғаған,
Мені сіздей мәпелеген бар ма адам?
Арқама сап апаратын Меккеге
Бір нығмет тілеп жүрмін Алладан.

Сағынамын, сары ала күз күй ішім,
Сағыныштың сыздап тұрған күйісін.
Ауыл жаққа жол тартамын жақында,
Жоғалтпашы жаулығыңның иісін.

Жөн болмады-ау кеткендігім дерексіз,
Бірақ, сізді сүйемін ғой себепсіз.
Ана, мені уайымдама, өтінем,
Әлі ұзақ өмір сүру керексіз!

III. 2020

Мариана – Эверест

Мылқау дердей кезіккен керең мені,
Сыртқы әлемге сырқатым еленбеді.
Қарама-қайшылықта жаратылған,
Айқасады тылсымдар тереңдегі.

Қарызымды өтермін өлім үшін,
Парызымды көтердім өмір үшін.
Жанымдағы жандарға неге сонда
Жасағанда бөтенмін көңіл ісін?

Сырғып өткен сәттерден былғанышты
Жыр қып өпкен дәптерде сыр қалысты.
– Күтейін, деп бір досым талқандайды,
Бітейін деп мәреде тұрған істі.

Айтылады жан-жақтан талмай сындар,
Жарым жанды жүрекке жар қайсың бар?
Сынақ мені сүйрейді шың басына,
Олай мені тұқырта алмайсындар.

Сан сойқанның терісін шұлық қылған,
Даналықты іздегем шұрық қырдан.
Бабамыздың бабасы – Фарабидің
Пәлсапасы биікке құнықтырған.

Жолын білем қайғыға қамықпаудың,
Жөнін білем қыранша қалықтаудың.
Шен-бағасы парықсыз дейді біреу
Бел баласы боламын алып таудың.

Болмағанмын баланың қагілезі,
Пенде бар ма жасайтын әмір өзі?
Қуғаныңды қой енді кей ғаламзат,
Туғанымды қалаған Тәңір өзі.

III. 2018

Кінәлама

Мазалап мені кіресің, қалқам, түсіме.
Жеңістік бермей кісіге,
еске алып сені, езіліп жүр ау жүрегім.
Сағынышымның сырларын бүгіп ішіне.

Орындалар ма ойдағы арман қаншама?
Бұлбұлым, ұшшы ән сала.
Ғашық ет мені ес-түссіз, қалып қояйын,
Өзіңнің ғана сұлулығыңа тамсана.

Көркіңе сенің серілер көп ау қараған,
Жұбына мәңгі балаған.
Алақаныңа мамықтай қолым тимеп еді,
Қалайша орын тауып алғансың санадан?

Оралмасыншы қатігез уақыт жылатар.
Өзіңді мәңгі ұнатар –
жүрегім жалын.
Айыптамағын өзіңді,
Сүйгенім үшін болайын мен-ақ күнәһар.

X. 2016

Мұқанов көшесі

Жерде мақта, сұр бұлт жапқан атырап,
Жоқтың қасы үзілмеген жапырақ.
Қара жігіт қоғамдық бір көліктің
Түсіп қалды есігінен сатылап.

Қара жігіт – жан мұрасын күзеткен,
Ақ түтекте табанынан сыз өткен.
Ғашықтарды табыстырған бұл жерге
Талай келген ілтипатпен, ізетпен.

Бозбаладай жүрген анты былғанбай,
Сұлулыққа арсыз жанар бір қанбай.
Мен де күткем осы орында біреуді
Поэзия алаңында тұрғандай.

Жалын берер жігерліге–сыналу,
Төзіндірген–барлығымыз құмар у.
Шыға келді ақыр соңы ақ қардай
Біз оқитын факультеттен бір ару.

Жырға қосып махаббатты нешесі,
Толықсыған лириктердің бос есі.
Сіміретін қаламымның сиясын
Бұл – Мұқанов көшесі.

Х. 2016

Жас баладай көрмеген бұрын қайғы,
Сері жігіт қыздарға қырыңдайды.
Бойындағы алауға үн қосқандай
Жұлдыздар да жарқырап, жымыңдайды.

Махаббатты үпелек үнге бөлеп,
Жеткізе алған сезімін кімдер ерек?
Ғашық жанға үнсіздік қажет емес
Тамылжыған тыныштық түнге керек.

Кереметтей көзіне кісіні іліп,
Қауырсындай үмітпен ішін үліп,
Қанша батыр бақытын таппай кеткен
Сырбаз бұлқа қармақтың ұшын іліп.

Ұстатпай түн ұйқысын бөлген елес,
Жүріп жатыр жеткізбес жолмен егес.
Арада айлық алқап жатса дағы
Айырылысып жүректер көрген емес.

X. 2016

Замандастарға

Алты Алаштың амандығын тілеген,
Көк байрағын алты қатқа тіреген.
Бәсі биік, бәйге бермес бөгдеге
Күн мен айға азуларын білеген.

Құрып баққан бір-бірімен жарасым,
Тани білер істің ағын, қарасын.
Жанартаудай сезіміне бөлеген
Алтай менен Атыраудың арасын.

Иемденген Дешті-Қыпшақ даласын,
Бауыр көрген қазақтың әр баласын.
Әкесінен асқан асқар тауы жоқ,
Жан-тәнімен ардақтаған Анасын.

Атағы жер жарса дағы бөспеген,
Бірге жүрген ел бастаған көшпенен,
Қыран құстай қорғап қазақ даласын,
Алаш туған атырапты төстеген.
Замандастар, мен сендерге сенемін!

XI. 2016

Қазақ

Мен қазақ атты шуақты күннің нұрымын,
Әлемнің күретапырларының бірімін.
Төскейім әне дәуір мен дәуір табысқан,
Тарих тарланы— Сақ пенен Ғұнның үнімін.

Домбыра қазақ – төгілер сыры жырының,
Ибалы қызы, жүрегі түкті ұлының.
Томағам босап, қыранша самғап алып бір,
Көк жартастарда көк бөрі болып ұлыдым.

Сәйгүлік шауып, даламды кезген ұлығым,
Тауларым биік, нуларым төккен бұрымын.
Заманым – түлкі, тәніме басар тырнағын,
Шытынап барады көңілімдегі шыны мұң.

Бұйырған бізге аңсаған мекен сан халық,
Ерлерім ерен қараған талай танданып.
Еділ мен Ертіс арасындағы атырап,
Созылып жатыр бүгінгі жұртқа шамданып.

Қоятын елім өлімнен биік ұятын,
Қарадан қызын, аладан ұлын тыйатын.
Мейірбан елім, құшағың қандай кең еді?!
Ғаламат толған ғаламның бәрі сыйатын.

XI. 2016

Түсімдегі кейіпкер

Маза бермей уайым дейтін безбенім,
Сенсіз мүлдем қуанышты сезбедім.
Сонда маған дем береді сен айтып
Құшақ жайған кең әлемді кезген үн.

Қызғанышым барады ішті жандырып,
Сен жымисаң тұратындай таң күліп.
Есімінді қайталайды жүрегім
Қаламым жүр әр ісіңді ән қылып.

Сенің атың ең көркемі сөзімнің,
Әрбір түнде өзіңді ойлап көз ілдім.
Бұрын сонды сүймеп едім дәл бұлай
Неткен ғажап құдіреті сезімнің!

Бойым түгел махаббатқа бағынған,
Сырымды айтып, жарылайын ағымнан.
Сені сүйген мына өмірде өзіңнің
Тәтті үніңдей болмас, сірә, жағымды ән.

Сендік жұпар жібереді паң қылып,
Иіскеймін мауығымды қандырып.
Өлеңімнің өзі қысқа болса да
Саған деген құштарлығым мәңгілік.

Ниетің пәк, кемдігі жоқ ісіңнің,
Ажарлысың дәл өзіндей мүсіннің.
Жанарымның мөлдіріне шомылған
Жалғыз ғана кейіпкері түсімнің.

XI. 2016

Түйіспеген жанарлар

Елеместен жүрсің-ау сен жырлыны,
Бұл сезім ғой, сезінбеген кім мұны?
Шатырдағы ақ мамыққа шағылып
Ақ жүзінді аймалайды күн нұры.

Бір шапшаң күш, сәл жылдамдау жасыннан,
Сәлем беріп, мәз боп кетем қасыңнан.
Жарқылымен жанарымды баураған
Сипалайды-ау ай сәулесі шашыңнан.

Әр түнімнің тыныштығын ұрладың,
Иісімен жетелейді гүл жаның.
Тағат тапшай, күтіп жеке кездесу
Жүрегімде қамаулы тұр сырларым.

Мона Лиза әдірем-ді сен күлсең,
Жан-тәніңді түйсінемін телмірсем.
Жанарымыз түйіспеген екен ғой
Неге мені байқамайды деп жүрсем...

XI. 2016

Ұлықтау

Дүмпу салған данқ іздеген заманға,
Ізі қалған тарих атты алаңда.
Көк астында көк түріктер қашаған
Қасқайып тұр балбал тастар даламда.

Ол дәуірде Көкке жоқ-ты жететін,
Өздерінің табынатын отындай
Жармасқанды жермен-жексен ететін.

Дүниеге келген сәттен іңгәләп,
Бөрі емгеннен Сақ, Үйсін мен Ғұн тарап,
Қара тасқа із қалдырған бабамның
Алты әлемде аты тұрар мұндалап.

Бақ деп білген ұл баласын ерлеген.
Бүгінгісі қандай болар Алаштың?
Абылайдай жатқа жерін бермеген.

Отан үшін тайсалмаған тепкіден,
Иа, солай, текті туар тектіден.
Қыран құстай ықылымның жалғасын
Болашақтың жарқын күні деп білем.

Бәрің қара, ұлы қазақ, ұлықпын,
Бақ көтерсем үш жүз болып біріктім.
Ақын болдым, адам деген даңқым бар,
Жер бетінің тағысымын, түрікпін!

Ұлықтауға жеткіліксіз жыр-әуен.
Ұрпағына рух сыйлап тұр әне
Ұлы тарих қойнауында Ұлы әлем!

XI. 2016

Жырауларша

Жақсы, жаман бастарын
Біріне-бірі иіспес.
Қуанышты жас жаным
Демегің зардан күй ішпес.
Шаттанар, біреу торығар
Бәрінің екі жолы бар
Бір нүктеде түйіспес.

Шапағатты кісілер
Еліне пайда тигізер.
Даңқойсынып, ісінген
Екі аяққа тұсау сап
бір-ақ етік кигізер.
Тәрбиелі жар болса
Саналы ұрпақ сүйгізер.
Ақыл-ойы тар болса
Ар-намысты алалап,
Ауызыңды күйгізер.
Шалқасынан құлатып
Ұзынынан сұлатып
Дегеніне көндіріп
Тағдыр тезге игізер.

Жүзі жарқын жандар бар,
Үлгі тұтып, бет түзер.
Қарны айналған паңдар бар
Азып-безіп кеткізер.
Тұзы шыққан сорлар бар
Таңдайыңды кепкізер.
Май топырақ жолдар бар
Сынағына шыдасаң
Мұратыңа жеткізер.

Бар бақыты даланың,
Лағыл моншақ тағынар.
Қасірет, қайғы, нала-мұң
Бір тәубеге бағынар.
Атақ-даңққа бөлесе
Адам біткен қағынар.
Адал терін төгіп те
Лауазымсыз өтті ғой
Сырттандар мен тағылар.

Елін ойлар ел болмай,
Тірліктің жоқ мәнісі.
Ақша біткен наданның
Таусылмайды танысы.
Биіктерге шығарар,
Тәңір берер толықса
Рухи нәрге тән іші.
Адамдыққа ұмтылу
Ықылымнан ар ісі.

Бас-басына бек болса,
Күні қараң қазақтың.
Абыройы төгілсе
Құлы болар мазақтың.
Тентіретер тепкісі
Кешкен қилы азаптың.
Он сегіз мың ғаламның
Қазақ атты тектісі
Сыбағасы –азат күн.
Қарт-қауқаным қызып жүр,
Ащы судың ішінде
Ақ балықтай жүзетін.
Тана жібін кесіп жүр
Бұрын бұқа үзетін.
Келді уақыт ақылмен
Байланысты түзетін.
Ел болмас-ты есірген
Ірге менен ішімде
Ерлер болса күзетім.

Тәрбиесіз үй болар,
Шірік шыққан санадан.
Байлық сүйер би болар
Ел нәсібін қанаған.
Ұлағатты ұл болар
Арда туған анадан.
Заман ақыр, зіл болар
Хат танымас данадан.
Асу бермес қыр болар
Бой көтерген даладан.
Нұр үстіне нұр болар
Жік шақпаса арадан.
XII. 2016

Аспан

Бүршік жарып кеуделерде күзгі үміт,
Жұбатсаңшы өксігенді үздігіп.
Бұлт астынан шығады ғой күн дағы
Көрсетші бір ізгілік.

Тәнім қалды өларада өлімші,
Алып бұлттан шөкімдей боп бөлінші.
Көзімді ілмей телмірейін аспанға
Ай болып бір көрінші.

Тыңдашы сен, сезінсеңші ақ үміт.
- Жарылқа,-деп жылайын ба жалынып?
Көрінсінші, тірілсін бір секундқа
Жұлдыз болып ағылып.

Бір кездергі адамзаттың төресі,
Қазір болды естеліктің көнесі.
Аспан Ана, таңға дейін сол жанды
Құс жолына бөлеші.

XII. 2016

Бір тал

Сүйіктім,
Сыр ақтар.
Назданба, жабығып жылап қал.
- Бәрінің уақыты болады, дегенмен,
осы сәт бір-ақ тал.

Өткенің жырақтар,
Келерге қаймықпай, ұнап бар.
Жасарға мүмкіндік мыңдаған,
Ғұмырың бір-ақ тал.

Естісең елендер бір ақпар,
Оңын ал, терісін сынап қал.
Ұшыңды мүжіме мақұрым,
Ұштағыш бір-ақ тал.

Кінәнді біл. Ақтал.
Шарладым мыңдаған тұрақтар.
Күлкілі, қайғылы.
Әйтеуір.
Таусылған бір-ақ тал.

XII. 2016

Жалғыздық. Жалбарыну

О, Жаратқан, сезіміме медет бер,
Мұң-шеріме бір қуаныш теңеп бер.
Жер шарында ұмытылмас ару бар
Болған менің әр жырыма себепкер.

Музам менің, аппақ раушан гүл едің,
Тамұқтарда жабырқаулы түн едім.
Тарих деген қайталанбас еді ғой
Неге сағым менің сүйген Жібегім?

Бұлай ауыр күйзелмеспін даңқ үшін,
Саған қайта ынтық етер әр түсім.
Жалбарынып сұрайынба?
Ей, өмір,
Ұзатпашы жүрегімнің жартысын.

Тамағыма тығылып тұр қан-ірең,
Сырқатыма тауып берші, Тәңір, ем.
Аман сақта қарашығын көзімнің
Бақыт үшін болсын бәрі әдірем.

XII. 2016

Тыныштық бөлмесі

Бойымды суға сап, отқа сап,
Сөйледім ой құрап жатқа шақ.
Не мәнді?
Бұлыңғыр бес күнде
Бейнетпен бес теңге таппасақ?

Сезініп әр таңның тәтті үнін,
Ұғынып өмірдің пәктігін.
Ұнатқан аруға арнадым
Гүлзардың ең әсем ақ гүлін.

Тағдырға сезіммен еркелеп,
Жүректі еліткір желкелеп.
Күніміз тынымсыз өтуде
– Басқаның бәріне ерте, деп.

Өмірдің көркіне тамсана
Жырладық сұлуды қаншама.
Өткелде өртеніп жанымыз
Өткенді сағынып, аңсар, ә...
Менде қай бар шара?

XII. 2016

Өкініп жүрме

Өткенге оралшы,
Есте ме ессіз жүрген шақ?
Қаншама арман айтылып еді жырмен шақ.
Бағаламадың.
Бара бер, енді қажет пе?
Әлемге айқай, дүниеге бару дүрбең сап.

Уытын таттым сатқындық деген неменің,
Жолықпа маған.
Керегің болмас, керегің.
Ойыма кірме, бақытты болам сенсіз де.
Мен соған уәде беремін.

Әдейі әлде бұрылдың жатқа нала боп.
Солай да солай жүрекке салып жара көп.
Сенен де басқа көгертер бізді өзге жан.
Өкініп жүрме, шара жоқ.

I. 2017

Сағыныш

Ол кезде еді күз,
Алыстан сезілген ып-ыстық деміміз.
Шынайы сезіммен ұнатып тұрып-ақ
Неліктен «хабарласпаңызшы» дедіңіз?

Ол кезде ғашықпыз.
Кездесіп, құшуға соншама асықпыз.
Сағыныш дегенді сол кезде сезінгем
Неге біз сынаққа төзбеген жасықпыз?

Ол кезде баламыз.
Пәк сезім орнығып, үйлескен арамыз.
Сен он бес жаста едің шуақты аруым
Біздерге шынайы, өзгеге бәрі аңыз.

Ол кезде жарылыс.
Мен кеттім оқуға,
Жыраққа ағылыс.
Өткенге өкпе жоқ, тек кетпе өзгеге,
Қинайды мені әлі өзіңе сағыныш.

I. 2017

Менің ғасырым

Жат болдым тағдырға,
Сынала, сынала.
Тапалдау тірліктен түңілдім, күнара.
Көз жұмып жасаған істерің тым қызық
Ол берген раушандар қымбаттау шығар,ә?

Әп сәтте айналдың адамға ең өгей,
Тыныштал,
Ал, мені өзіңе теңеме, ей.
Басыма бақ қонып,бақытқа кенелем
Шексіз бір теңіздей, шетсіз бір телегей.

Шаршатты шаншудай қадалған күй ішті.
Мен енді басқамын,
Бұл ғасыр менікі болуға тиісті.

I. 2017

Сүйемін

Айтпаңыз, өтінем!
Баяғы кезімді.
Барлығы өткен сәт, бір қапшық езінді.
Суықта жаураған жүрегің жылыр ма?
Жырыммен апталған арнасам сезімді.

Ұнаттым демеймін бозбала кезімнен,
Сұлулық байқаймын ботадай көзіңнен.
Тек сенгін сөзіме, ұнатам жаныңды
Таралып тұрғандай ай нұры өзіңнен.

Іздеймін бейшара жүректің жиі емін,
Суретке телміріп жанамын, күйемін.
Түсінсең, тек сені бақытты етер ем,
Мен саған ғашықпын,
Қысқасы— сүйемін!

I. 2017

Махаббаттан шаршадым

Бір сырымды ашайын ойдағы «нән»:
Мен жалықтым жалғанның тойларынан,
Уақыт өлді шектен тыс аруларға
Арамдығы биіктеу бойларынан.

Мен ойландым,
Керегі қанша соның?
Қатігез ғой,
Ап-айқын қаншасы оның.
Ең ақырғы сөздерді жиып алып,
Қу басыма бүркіді қарша сорым.

Қаза қылып түндерді сарқып, үңгіп,
Өлең-жырмен қымтадық, тәнті қылдық.
Дос болып-ақ табармыз Дүрімізді
Махаббатқа демалыс жарты жылдық.

I. 2017

Қол сағат

Қаралау адамға беймәлім қыр-сыры,
Материя атауға тимеген жын-сұмы.
Сериалы параллель кинозалл жүргенім
Жүректің дүрсілі секілді тырсылы.

Өнерпаз, серіге міндірген торы атын,
Мекенін білетін қаңбақтың қонатын.
Дамыған заманның заржақтау әтеші
Әр таңда бас жақтан "тұр-тұрын" соғатын.

Бірінен-бірі асып ұлдарың жүретін,
Апардың өткелге жылайтын, күлетін.
Тек сендік құдірет жарыққа әкелген
Тек сендік құдірет беттерді тілетін.

Сенімен қуандым әскерден ағам кеп,
Сенімен сөйледім қызыма «таран» деп.
Ғұмырдан ұзақ жыл тоқтамай тұрса деп,
Дүкеннен «durasel» алам кеп, алам кеп.

I. 2017

Үш жүрек

Жазайын заңнан тыс әуен,
Тынатын іштен құсалы ем.
Бойымда қаққан дүрсілін
Дем беріп жатыр үш әлем.

Бөлімі әрбір кең ілкі,
Пішіні тауға келіңкі.
Соғыстың бәрін көретін
Бірінші бейбақ меніңкі.

Өмірім маған бөсті кеп:
— Жаныңда сенің өшті леп!
Тағдырға көнер деп пе едің?
Кеудемде соққан қос жүрек.

Жаратам бір у, бір шырын,
Жататын ойда жыл сырым.
Үшінші жүрек – қайманам
Екінші жаным – тылсымым.

Біразын жүрмін есті деп,
Күндерді қоям кескілеп.
Нығметім менің егер де
Жыр-өлең жазсам кешкілеп.

I. 2017

Кінәм ба екен жаралғаным ақын боп?

Ұқсастырып бал бақытты сезімге,
Жүруші едім жаным жалғыз кезімде.
Миға жүктеп сала-құлаш қайғыны
Бой ұсындым өз еркіммен безілге.

Неге менің қиналмауға хақым жоқ,
Кінәм ба екен жаралғаным ақын боп?
Күйінгеннен Жер-Анаға сыйындым
Көкірегін керіп тастап жатыр көк.

Алмағаным қате бәрін бекемдеп,
Жүруші еді ол сылаң қағып, секеңдеп.
Шетсіз ойға батып алам, барлығы
Шексіз-шетсіз сезім үшін екен деп.

Саябақтар жамылғанда қара түн,
Кездер қайда сүйіктіге баратын?
Сөздер қайда адалдыққа сендірген?
Құс жолында жүр ме сермеп қанатын?

I. 2017

Қар қызы

Құлақ түрдім,
Ақпандағы нөсердей жылап тұрдың.
Әппақ қырау секілді құлпырған қыз
Қалып ең мендік жанға ұнап,
Білгің!

Жан арманым,
Келбетіңе телміріп бара алмадым.
Тәп-тәтті тамшы жастар еріңде
Жымыңдайды жұлдыздар жанарда мың!

Дидарың–Ай.
Терме қасты, бұрымды қима бұлай.
Ақындығым бас иді иманыңа
Құшағыңды толтырсын сыйға Құдай.

Ақтарып ап,
Жырларымды.
Жалынам хаққа құлап.
Қар қызы, қайталанбас мүсін едің
Жылуыңды сездірме жатқа бірақ.

I. 2017

Түн

Таңға дейін тоқтап күннің әмірі,
Түн.
Тыныштық.
Ай.
Жұлдыздар ағыны.
Табиғаттың тірі әуені аймалап
Тербер жанды ғашықтардың пәк үні.

Көкек.
Самал.
Құрышы қанар құлақтың,
Ертегідей – бар болғаны бір-ақ түн.
Күллі әлемнен жасырынған сырластар
Күлкілері сылдырындай бұлақтың.

Мәңгі биік, Ұлы Ана–жер шені,
Бүдір қырлар бейнелейді телшені.
Бозбаланың сезіміндей– пәктігі,
Қыз бұрымы –құс жолының өлшемі.

Кенішіндей сан мың арман, үміттің,
Куәгері ізгіліктің, қылықтың.
Жаратылыс ғашық етер ақынды –
Жан сырымды ұғынатын тұнық түн.

I. 2017

Жұмбақ ару

Бір сырқат бар – ғаламның жетпес емі,
Бір байлық бар – құрметті көпке шені.
Сұлулық бар жанарды солдыратын
Ғайып болар қасына жетсе сері.

Бір сезім бар – жанартау кейпіндегі,
Бір жандар бар қызқұмар дейтін мені.
Бір сырым бар – бәрін де жатырқайтын
Ақ қағазға ақтарған кей түндегі.

Көрінгенге қызығу құты құрып,
Керек емес өмірді жіті біліп.
Сырғи барып, сүйем деп айта салу
Жұмбақ ару, емес пе жұпынылық?

Мазасыз бір күйдемін ала таңнан,
Қанша әрекет етсем де қара аталман.
Асығамын бір күнге, қалқам, сенің
Менің ғашық жанымның жары атанған.

II. 2017

Қашықтық

Сезімді тіпті ол да білмеді,
Сүйді екен деп жазаламақ кім мені?
Оның көзі сәуле шашып тұратын
Шырақтардай ақ ұлпалы түндегі.

Баяу самал үп еткенге тоңатын,
Оның жаны тым нәзіктеу болатын.
Еріндері ес бұзатын ал-қызыл,
Раушандай ара балын соратын.

Оған жетпей үгітілген көп үміт,
Желге ұшқан қанша сырлар сөгіліп.
Жер бетіне өрнек салып жүретін,
Бұрымы оның иығынан төгіліп.

Екі қала алшақ болса арасы,
Бір жүректің жетер ме екен шамасы?
Сөз айтар ем жүз бір раушан құшақтап,
Менен қашық жүргенінді қарашы.

II. 2017

Сен аман бол

Жарығым, нұрыңды қызғанба,
Сәулеңді сөндіріме.
Кіршіксіз көңілді өзгеге көндіріме.
Өзектен өрбіген арналса өлеңім,
Түнеріп қараған қабақты төндіріме.

Асылым, қалпыңнан құбылма,
Пәктікті кірлетпе.
Ләйліден артықсың, лайық бар құрметке.
Армандап отырған шашыңды иіскеп
Терезе алдына карамай бір кетпе.

Елігім, қылықпен еркеле,
Мінезді көрсетпе.
Балыңнан маған да бір татым бөлшекте.
Жылуын алмасу тәндерге қиындау
Қайтеміз, үмітсіз, жазмышқа көнсек пе?

Қарағым, тырнама жүректі,
Кеудені сілкіме.
Лаулаған жаныма нөсер боп бүркіме.
Тентіреп жүрмін мен, шәрбатың масайтып
Тым тәтті мұңдарды жасырып күлкіге.

II. 2017

Тамшы

Өне бой еместі қалпында.
Бір кездер асылға, балаған алтынға.
Құлпынай еріннен сүюден талмаған
Отырмын ақшақар шабыттың артында.

Сөздерді тергендей тастағы қынадан,
Музаның жолымен ирелең-шұбалаң,
енемін ғайыпқа.
Ғажайып ғаламда –
шынайы сүйе алатыныма қуанам.

Шынығып,
қауқарға айналып әлсіздік,
Құйып ап қаламға тамырдан қан сүзгіп,
қайтара егемін жыр етіп венаға...
...Бейкүнә жанардан бал-шекер тамшы үздік.

II. 2017

Не дер ең?

Сыр ашпас жаныңа жанығып жетсем бе?
Дәлізде иықпен қағылып өтсем бе?
Көктемдей құлпырып жүретін көшеңе
Жыл бойы солмайтын раушандар ексем бе?

Шотымнан шәй алып, әңгіме құрсам ба?
Көзіммен бақылап, ішімнен тынсам ба?
Өзіңе арнаған жырымды оқысаң,
Нұрыммен сипалап, шам болып тұрсам ба?

Әр сәтте сескеніп, жасырып сүйсем бе?
Ұнатқан түстерден киімдер кисем бе?
Далаптан басқаны көрмеген ерніңе
Бұлттардың жасындай нәсер боп тисем бе?

Барсам ба адамдай көруге келмеген?
Мұңымды жазуға алсам ба жедел ем?
Жылуың болсам ба аязға тоңдырмас?
Айтшы өзің жауабын, не дер ең?
Не дер ең?

II. 2017

Ана

Жабырқау жүрсеңіз, ол біздің қатеміз,
Мәңгілік бақытым – ақталса мәпеңіз.
Ең биік сезіммен қағытып қоятын
Аялап жүр ме екен, асқар тау әкеміз?

Баптаған құлынмен алыстау араңыз,
Сәбимен сүйінші сұрауда дараңыз.
Қызыңыз қырмызы келіннің көркемі
Хат жолдап қуантты әскерден балаңыз.

Өзіңнен аумайды қамқоршы келінің,
Қызыңның жолдасы сынығы серінің.
Құлпырдың уақытпен үзеңгі қағысып
Күлімдеп тұрасыз бәрінде желінің.

Дидарың сағынтты, көруден кендеміз,
Көтерер көңілді еркелеп кенжеңіз.
Уызға жарытқан ардақты Анашым
Сіз барда жатпаймыз ешқашан кемге біз.

II. 2017

Маралым

Тамшыдай жәуміт жанарың,
Өмірдің әсем сал әнін!
Жанында шексіз мейірімі
Маралым менің, Маралым.

Әкенің әркез зәруі,
Ананың болған дәруі.
Ботадай менің Маралым –
Таптырмас елдің аруы.

Жүргенің жайнап, жақұтым,
Бәріне жетіп уақытың.
Жайдары жүзді Маралым –
Арттырар ердің бақытын.

Түйсіне білер мәндіні,
Жайқалып тұрған жан гүлі.
Қырмызы мінез Маралым –
Әлемді билер таң нұры.

Жынданса ханның жарлығы,
Шаттыққа толы әр күні.
Жетпейді саған, жетпейді
Барлығы және барлығы.

Тамшыдай мөлдір жанарың,
Өмірдің әсем сал әнін.
Жанында шексіз мейірімі
Маралым менің, Маралым.

II. 2017

Сезім

Ал, менде уақыт жоқ шаршауға, таларға,
Мінезге тіптен жат жас алу жанарға.
Ізетті үмітпен уыздай жүзіңе
Хақымыз бар болар бір мезет қарарға?

Шала боп, бала боп бармадық нелерге?
Аруға ән арнап, сөз таппай теңерге.
Өзіндей әдемі ал-қызыл гүлдерден
Мүмкіндік сыйлашы бір құшақ берерге.

Қапыда қалмас ем сәт болса ұнарға,
Тағынам атыңды жазып ап тұмарға.
Мойныңа байлаған орамал жетеді
Қануға тойымсыз мендегі құмарға.

Жаныңда бір дақ жоқ сын айтып, мінерге,
Міні жоқ сезімді жаның, эх, білер ме?
Жанарлар түйісіп, қиыла қарасаң
Бір желеу табамын жымыып күлерге.

II. 2017

Қайтемін?

Өксітіп өмірім,
Кірлеген көңілім,
Жүректе мұң, нала,
Наз, болса қайтемін?
Күреске тоймаған,
Ел қамын ойлаған,
Ардақты ағайын
Аз болса қайтемін?

Ұлымыз ұйқышыл,
Қызымыз күлкішіл,
Қарадан қорқатын
Ез болса қайтемін?
Жаманмен жанасқан,
Арынан адасқан,
Заманның ақыры
Кез болса қайтемін?

Шіркеуде отырып,
Перзенті шоқынып,
Әке мен аналар
Егілсе қайтемін?
Көбейіп кінәрат,
Дәстүрім тұралап,
Іргесі елімнің
Сөгілсе қайтемін?

Азғындап аймағым,
Бет тұтар қаймағы,
Ішінен бүлініп
Ірісе қайтемін?
Табылмай амалы,
Отырар қамалы,
Қара жер астында
Байлығын құшақтап
Шірісе қайтемін?

Безінген басқарып,
Билікші мастанып,
Мейірбан қазағым
Налыса қайтемін?

Боратты бабам деп,
Аннаны анам деп,
Балдырған бөбектер
Таныса қайтемін?

Малынып азапқа,
Қазағым–қазаққа,
Жалмауыз, жау болып
Көрінсе қайтемін?
Қу бастың қамы үшін,
Жер етіп намысын,
Сан тармақ ру болып
Бөлінсе қайтемін?

Елді өзге паналап,
Бірлікті алалап,
Ұрынып, желкеміз
Осылса қайтемін?
Арудан бал кетіп,
Батырдан ар кетіп,
Еркекке аталық
Қосылса қайтемін?

Елпілдеп ел үшін,
Бел жазбай жер үшін,
Тып-тыныш ұйқымды
Ұрламай қайтемін?
Ауыр жүк артылып,
Жігерім сарқылып,
Халқымның жағдайын
Жырламай, қайтемін?!

II. 2017

Жаным

Тіршілік көркейген көктемдей түрленсең,
Мен саған әдемі, әдемі гүл берсем.
Арман да жоқ болар, тезірек қолыңа
Гүл берген қолымды жеткізіп үлгерсем.

Бетіндей ақ бұлттан тамшы боп басталсаң,
Тамшылар сел болып өзендей ластансам.
Бақыт та жоқ шығар, сен жүрер жерлерге
Гүлдеген бұтақтан үзіліп тасталсам.

Арайлы таңдағы шуақ боп төгілсең,
Өзіңе ұмтылсам бөбектей безілшең.
Артық та жоқ болар, серуенге шыққанда
Саяма енетін ағам болып егілсем.

Кіршіксіз айдыңға жыр болып жазылсаң,
Иірім болып мен әуендей ағылсам.
Керемет жоқ шығар келіссе көңілің,
Сағынған сәттерде жанымнан табылсаң.

II. 2017

Сауал

Тып-тынық түндерден ұйқыны жымқыру –
ақындық емес пе?

Тым алыс, жеткізбес арманға ұмтылу –
батылдық емес пе?

Түкке де тұрғысыз мұндарға құлазу –
бәсендік емес пе?

Сезімнің уына масайрап жыр жазу –
әсемдік емес пе?

Іштегі ызаны бүкпесіз ақтару –
шамдану емес пе?

Қаптаған сорлардың ішінен бақ табу –
таңдану емес пе?

Аялап қолыңда, шаттанса бақытың –
шымырлық емес пе?

Бір ғана аруға арналса уақытың –
ғұмырлық емес пе?

Басқаша қалыпқа ауысса көңілің –
өткелің емес пе?

Қырмызы гүлдердей құлпырса өмірің –
көктемің емес пе?

Бақытты сәттерді қуана қарсы алу –
шаттығың емес пе?

«Тек қана өзінді сүйем» деп жар салу –
пәктігің емес пе?

III. 2017

Күтпеген кездесу

Ұнатам!
Өзінді іздеудей түнектен –
Түндермен тілдесу.
Болмайды ешқашан сыңарсыз жүрекпен
Бақытты күн кешу.

Түндерде сағаттап оқылған жырлардан
Қырылып кеңірдек.
Арада еріксіз айтылған сырлардан
Қаламын жеңілдеп.

Ертерек ұйықтатып тастаймын.
Ояу мен
Жыр жазу оңды деп.
Айтамын сөздерді көркемдеп бояумен
Сен болсаң болды деп.

Жаныңды құлпыртар жасаған нығметің,
Жайнамаз сендегі.
Қиылып, көрсеткен керемет құрметің
Жарамды емдеді.

Атыңды жасырып жазылған өлеңге
Лайықты ән бар ма?
Ұйқымды ұрлашы, батырмай тереңге,
Оятшы таңдарда.

III. 2017

Көктеммен – махаббат

Көктем келіп жылудай көмірдегі,
Қауыз ашып жауқазын көңілдегі.
Кез келгендей бақытқа кенелетін
Шаттық толы шынайы өмірдегі.

Уысыма құйғанда лағыл талай,
Тағдырыма қала алман таңырқамай.
Сол жан келіп жүректің мұзы еріді
Сырты нәзік, ызғарлы ақ ұлпадай.

Қоштасып ап өксікпен өткендегі,
Құшақ толы бәйшешек көк белдегі.
Қасқа жеткен кекілді жел қайырып
Жетелейді өзіңе көктем мені.

Сарыарқа мен Оңтүстік арасында,
Жалғасар ма ғашықтық жарасымға?
Пейіліңмен көркейер бүкіл әлем
Планета көзіңнің қарасында.

Тән түрленіп махаббат пейішінде,
Жан құлпырып жайдары күй ішінде.
Гүл жайқалған көктемде сұлулық бар
Бар сұлулық – сенің хош иісінде.

III. 2017

Наурыз

Жер анаға көктем төгіп жауынын,
Бел көгеріп, құлпыруда ауылым.
Ұлылықтың исі аңқып тұратын
Ұлыс күні құтты болсын, бауырым.

Көкпар шауып, бәйге жарып көк берен,
Құлпырып тұр қыр, белестер көктеген.
Жер шарынан кереметті іздесе
Ол керемет қазақ деген тек дер ем.

Тойла ағайын, атан даусың қыр ассын,
Бойжеткендер бәйшешектей гүл ашсын.
Ақшам кеште алтыбақан тербеліп,
Арқан тартып, ер жігіттер сынассын.

Қуандық бір артынан мың қазаның,
Бауырсақ пен етке толсын қазаным.
Ұрпақтарың ұлықтасын наурызды
Ұлысың оң, ақ мол болсын қазағым!

III. 2017

Дарын

Сындырып қылышты бармақ,
Тәнімнен тыныштық ұрлап.
Тау-тасқа соғылған басқа
Қонуға тырысты бір бақ.

Езінем кірім кетердей,
Өмірге тілім де келмей.
Дертіме дәруіш жақсам
Асқынып, іріңдетердей.

Дүмпу сап далаға тынбай –
Тауларға саламатымдай.
Тірлікке себепші болдым
Қабірде қаралатын қай?

Жай беріп күнімнен досқа,
Жүйіткіп жырыммен қасқа.
Дүние дағдарысында
Тірек жоқ дінімнен басқа.

Күн болмай жарықта не етем?
Топырақ балыққа бөтен.
Маңдайға ақындық жазса
Дәл осы қалыпта кетем.

III. 2017

18

Маздатқан, алаулатқан сөнсе жүзім,
Жаз еттің-ау ырқыңа көнсе күзім.
Еншіңді алып барасың тырна көшпен
Ақ ниет пен ар берген он сегізім.

Майсасына аунатып дала-көктің,
Ұмыттырып ызғарын нала-кектің.
Жаныма ең аяулы жанды сыйлап
Бағасыз, басы артығын ала кеттің.

Ешқандай өкініш жоқ өткенімде,
Көрдім, тәуба, бұл жылдың көктемін де.
Анамның жаулығындай он сегізім,
Қол бұлғайсың қызғалдақ бөктерінде.

Бұза алмаймын өмірдің заңын босқа,
Бұрылмайды арнаға әнім басқа.
Қайта айналып келмесің айдан анық
Табыс етем іні мен қарындасқа.

Бояуыңмен безендеп тілді, реңін,
Жұлдызымды жаққан сен, күллі менің.
Қимаймын-ау өзінді өткен күнге
Алғысымды жырыммен білдіремін.

III. 2017

Адам. Тағдыр. Өлең. Өмір

Адам деген – жаратылыс жаны шу,
Тағдыр деген – тіршілікпен алысу.
Мейірімнің мұхитына шомылған
Өмір деген – өз-өзіңмен танысу.

Адам деген – таудан сәл-пәл аласа,
Тағдыр – күннен тәтті таңдау балаша.
Махаббаттың бал шекері секілді
Өмір деген – керемет пен тамаша.

Адам жаны – шешімі жоқ әлегің,
Тағдыр – жан мен тәннің табу бар емін.
Өлең деген – өміріңнің айнасы
Өмір деген – сенің ішкі әлемің.

Әдемім

Мен сені іздеймін арайлы ақ таңда
Шығыстан күлетін.
Жүзінде жоқ ешбір түймедей дақ, таңба,
Бар әлем білетін.

Ақ бетің қызарып тұрасың құшақта,
Түсірмей ар құнын.
Арманнан құралған мінгізіп ұшаққа
Алайын, Алтыным.

Сағынсам тым қатты кіресің түсіме,
Жүргенде жырақта.
Кей кезде сен мені алмайсың түсіне.
Сөкпегің бірақ-та.

Жұлдыздар жарқырап тұрады көзіңнен,
Әдемі түндегі ең.
Кеудені өртеген біздегі сезімнен,
Бақшалар гүлдеген.

Деміңсің, егілсе қаяз күй көңілге,
Жабықса жүрегім.
Сен барда ешқандай налам жоқ өмірге,
Өзіңсің бір емім.

III. 2017

Мен

Әлпештеліп Тәңір сый қып бергеннен,
Анашымның етегіне ерген – мен.
Тәуекелшіл, басты тігіп бәйгеге
Қалам – семсер, қан майданға келген – мен.

Сыр алмасқан күйін ішке бүккенмен,
Жібін үзіп, жыр моншағын төккен – мен.
Әңгүдік пен жын қаптаған әлемнен
Қашып барып молаларды өпкен – мен.

Сағынышын іздемейтін өткеннен,
Құшағыма гүл толтырып көктемнен,
Мені аңсаған асылыма асығып,
Анау бағдаршам алдынан өткен – мен.

Қол ұстасып көңілімді тапқанмен,
Ұялыммен беттен сүйіп жатқан – мен.
Жұлдыздардың ғұмыры үшін батқан – мен.
Жұлдызымның бақыты үшін атқан – мен.

Ешбір сәтте ойнамайтын тойғанмен,
Айдың бетін семсеріммен сойған – мен.
Менің жырым – өмірбаян беттері,
Әр паракқа тыныс белгі қойған – мен.

Қош айтысып іргетасты құйғанмен,
Архитектор үшін білім жиған – мен.
Ғимаратым ғаламшарға сыймаған,
Сарайымның құндағына сыйғанмен.

IV. 2017

Гүлім

Аппақ гүлім, сені сүйген қара мен,
Өзің келіп, өмірімде жаңа рең.
Айым, күнім деп айтуға себеп бар,
Бізге бақыт тілеп тұрар бар әлем.

Сенің мөлдір көздеріңе құнығып,
Бара жатам екі жеңім түріліп.
Өмір бойы жүрсең екен, жарығым,
Менің ғана құшағымда жылынып.

Мейлі, тағдыр бізді ұзатсын,
Бесе ме?
Біз біргеміз бүгін, ертең, кеше де.
Мені аңсасаң сыртқа шығып дем тартшы
Иісім бар сен тұратын көшеде.

Қоңыраумен тілдесеміз тағы біз,
Табысады толқындармен жанымыз.
Әр алқабын қызыл-сары гүл басқан
Алла жазса жайқалады бағымыз.

IV. 2017

Сүй

Даланың гүлдері тұрғандай жайқалып,
Арың мен жаныңнан.
Нөсердің астында қалсақ та шайқалып,
Аяулым, сабылман.

Мен сенің боламын қорғаныш шатырың,
Ерлерге еліктеп.
Неше жүз болса да арамыз шақырым
Ішіме еніп кет.

Сағынам, алтыным, суреттер күшімен –
Артады сезімім.
Иірім жолдарды параққа түсірем,
Жанымды тез ұғын.

Арманым ең басты – бір күні ұсыну
Некенің жүзігін.
Ынтызар көңілді бағалау – түсіну
Махаббат үзігін.

IV. 2017

Сүйгенім бол

Көктем келіп,
Көк нәрі боп ақ мамық кеткенде еріп.
Табыстық, раушан аңқып жүректегі
Сертпен берік.

Ада қалып күн көру алаңдамай,
Асығып саған қарай
барғанда ұрласам деп иісінді,
Жап-жарық қып тұрар ма даламды ақ Ай?

Заң бұзып бәрі бүгін,
Өзгергені қызықтау қалыбының.
Тас жүректен айналып жомарт жанға,
Мен сені сағынамын тағы, күнім.

Неліктен ақылды екен асқан бәрі,
Белгілі алда биік асқар бары.
Өзіңмен бірге бару шың-белеске –
Мақсатым біздің сезім басталғалы.

Жарығым, жаның жауһар, түйгенің мол,
Тағдырдың тармағында күйбеңімді өр.
Өміріңнің өрнегін саламын мен
Сүйгенім бол!

IV. 2017

Хат

Көктемде шат көңілі,
Гүлге толы етегі,
Ару көрсем, өмірі
Раушанға ұқсап кетеді.

Миым содан дүбара,
Тілде тәнге тән у бар.
Кезігетін күнара
Не деген көп арулар!

Өлең жолы мендегі
жауыздықтың жазасы.
Бір сұлулық жердегі
мың өлеңнің қазасы.

Қанша иіс аймалап,
Таңдауынан танбаған.
Бірбеткейлі мінезі
Сезіміме таң қалам.

Көгершінім баратын,
Бетін тырнап шатырдың.
Нұрға бөлеп қанатын
Саған жазған хатымның.

IV. 2017

Сен менің

Сен менің Күнімсің.
Нұрыңмен аймалап,
Өзіңнен шашылған шуаққа шомылтып аласың,
Еркелеп, айлалап.
Екеуіміз кезбеген көшелер, қайда бақ?
Дара қыз, ай қабақ.

Сен менің Айымсың.
Сәулеңмен соқыр қып,
Тәттіні сүйсіне татқанға тамсанып,
Күлімдеп отырдық.
Мен сені соншалық қаттырақ сағынам,
Естіші, о, құрлық!

Сен менің Жұлдызым.
Қимайтын қарарға,
Көз салсам періште күйіңде тұрасың
Жымыңдап жанарда.
Дүлейдің ішінде сыр шерткен қаламым өзіңді әр жырға
Қосудан танар ма?

Сен менің Гүлімсің.
Жұпары аңқыған.
Сендегі ғажайып, тылсымға бергісіз келбетке
Мен түгіл, тәнті маң.
Ғаламды шарлаған «Жаным» деп естілген үніңнен
Болмайды артық ән.

Сен менің Жалғызым.
Ешкімге қимайтын.
Адамдар!
Сендерде осындай Сүйікті бар ма екен?
Ұнатып қинайтын.
Алтыным, мендегі жұдырық жүректе өлшеусіз сезім бар
Әлемге симайтын.

V. 2017

Тылсым

Ақ бұлттар қалқыған жиекті көмкеріп,
Жарқылдақ жұлдызды алты қат аспанды астыға төңкеріп,
Бақыт пен сезімді басыма тең теліп,
Сен келдің.

Сезімге шөлдеген жандарды шәрбатқа қандырып,
Мұздаған жүрекке махаббат алауын жандырып,
Адалдық жоғалған әлемді алыстан сүйеге таң қылып,
Емделдім.

Өзіңе ойда жоқ, күтпеген бір сәтте кезігіп,
Көркіңе тамсанып, тілдесіп, тас кеудем езіліп,
Тәп-тәтті балыңды, мөп-мөлдір жаныңды сезініп,
Күн көрдім.

Арайлы таңдарда оятып, «Жалғызым, сәлем!» деп,
«Кұшаққа қысуға, көруге асықтым, шыдадым әрең» деп,
Сен маған сөз жетпес сұлулық дегенді дәлелдеп,
Үлгердің.

V. 2017

Күнім

Таралған шашыңдай жығады көкті леп,
Ботадай көздегі кірпігің көк тіреп.
Қауызға сыймаған мақтадай ажарың
Ұйқымды төрт бөлер әр түні тепкілеп.

Батырың біледі сүйерін кімді нақ,
Біздерге төгеді шырағын түнгі бақ.
Тәніме жағатын бес күндік ләззаттан
Екеүміз қыдырған бір сағат құндырақ.

Айтылған әр сөзді ұғынғын үкім деп,
Мен саған асығам жүрегім лүпілдеп.
Әлеммен пара-пар әдемі атыңды
Аспанға жазамын ұшырып үпілдек.

Тек саған білдірем сезімді сырым деп,
Еркелетем сосын «Жалғызым, гүлім» деп.
Осынау ертегі аяқсыз болса екен
Жанымда жүретін аруым күлімдеп.

V. 2017

Кездесу

Демейсің тар жолда тайқақтап сүрінсем.
Жұтпас ем тәп-тәтті балдай боп тілімде білінсең.
Біз үшін нұр шашқан таңдарда күлімде
Күнім, сен!
Мен тұрған орынға құлашы аспанға жұлдыз боп ілінсең.

Алыста.
Иісіңе тарығып күнелтем.
Бейнеңді жанарға қондырар түн, еркем.
Бойымда дүлей күш дүрлігіп,
Құшақтап, сүйеге барамын күні ертең.

Сол кезде
Бақтарға сағыныш қалдығы төгіліп,
деміңе күйермін.
Ешкімге тіл қатпай ғаламнан бөлініп,
Жердегі мөлдірлік сенің пәк көзіңнен көрініп,
Сүйермін.

Осыны ойласам жүрегім тулайды,
Тасынам.
Осы бір кездесу.,
Осы бір уақытқа
Асығам.

V. 2017

Ешкімге тіл қатпа

Алтыным,
Сұлуым,
Жаратқан ханшайым бейнеңді әдемі –
Орхидеялардың әлемі.
Денемді өртейді жылуың,
Жан дүниең, эх, неткен пәк еді!

Қарамай назарын бұрғанға,
Анда да, онда да, бұл маңда.
Ой, тіпті лаванда әдірем
Өзіңнің баурайтын жұпарың тұрғанда.

Сені ойлап мың желі ойларға оралам,
Сені аңсап қарақшы түндерге тоналам,
Сен, тәттім, мединилладан да балғынсың,
Сен үшін Вааду аралы бола алам...

Жо-жо-жоқ, жазбаймын,
Жетеді.
Мен сені сүйемін!
Ешкімге тіл қатпа,
Көз тиіп кетеді.

V. 2017

Алтын бесік

Батысында Арыстанды дауылдың,
Мекені бұл ата-баба, бауырдың.
Қасиетін қара жерге жасырған
Мен туылған ауылдың:

Ұлылардың Отаны атты даңқы бар,
Жұдырықтай халқы бар,
Арға берген анты бар,
Сары майдай сақтайтын, сан ғасырлық салты бар,
Пәленбай мың мәрті бар,
Айналатын кемпірі, қазыналы қарты бар.

Періштемен егіз дерсің тілегі,
Бірлік үшін пида болар жүрегі.
Жырға атын қоспаса да бұл елден
Кім шыққанын бүкіл әлем біледі.

Асқар таудай бастау алған мұратым,
Анда-санда анам жиған сары май,
Мойынымда топырағы бір уыс
Қуат беріп тұратын.

Жан сарайы қанығатын бағынан,
Қара от күші бойға енетін ағынан.
Шетке шықсам тартылыс күш тұсаулап
Осы өлкені сағынам.

VI. 2017

Махаббат бағында

Матайды шырмауық гүлдерге айналып бұрымың жел ескен,
Құр сүлдер қалады сосын мен аумай қап елестен.
Бар күшті жинап ап, сезімді алдыңда ақтарып,
Құшаққа құладың «сүйемін» деместен.

Иісің ем болып жүрекке тілінген,
Тәндегі алаудан жанғандай қолдағы гүлім де.
Жанарың сезімге толып тұр, үн-түнсіз
Мәңгілік күлімде.

Бұйырған күн сайын айналмай сағымға,
Еліктің лағындай жүрші өзің еркелеп жанымда.
Ынтызар көңілмен тербелсін әрленген әткеншек
Махаббат бағында.

VI. 2017

Жігіт

Жігітте мін болмау керек,
Ісінде сын болмау керек,
Алаудың ұшқыны тисе,
Жігері құм болмау керек.

Ез доспен бір болмау керек,
Күндейтін тіл болмау керек,
Тілеулес еліне келіп,
Көрсетер қыр болмау керек.

Жанары сұр болмау керек,
Арында кір болмау керек,
Ананың сүтімен сіңген,
Мінезі құр болмау керек.

Пейілі сұм болмау керек,
Дұшпанға күн болмау керек,
Жігіттің төресі болса,
Айқаста жым болмау керек.

VI. 2017

Биіктік

Қарашы, семсерімнің бұлқыншағын,
Жырым–жел, ойым –дауыл, күлкім– сарын.
Сенің де жан-дүниең елжірей ме
Апатай, жүрегімде жыр тұнса мың?

Өлеңіме биікке жолдаған үн,
Масалардың жеткізем зорға қанын.
Сөзім сұлу, себебі толғаныста
Да Винчидің әдісін қолданамын.

Түйсінгені Тәңірге құлдық ұрар,
Секундта сан, минутта мың құбылар.
Жабыққанның жанына от жағады
Өйткені ұнатпайды мұңды бұлар.

Жүп құраса дауыл мен бүкпе дарын,
Көбелектей тіземін жіпке бәрін.
Ғаламат жыр шарласа, білер бәрі
Эвересттен биік бір нүкте барын.

VIII. 2017

Тастұғырдағы ғұмыр

Дүние, ойхой, шайырлар кешкен қаншама,
Елітіп алар сарабдал сөз бен сан сала.
Биіктігімен шертетін қылын жүректің
Бабаларымды аспан асты да аңсар, эәэ?

Қолында барда бағамдай алар кім, несін?
Кім айтты саған бақыт деп темір түрме ішін.
Ақыл айтқанға батыраш болып жүрміз-ау
Өтіп кеткендер — қалаған елдің іргесін.

Өлеңде өрілген жансызға ашпас жан сыры,
Тұрпаты таудай, таланты таудың һәм шыңы.
Еркімнен арып, есіме аламын еңкейіп
Елімнің күні, өмірге айналған тәмсілі.

Қасіретті күн, тамұқтан туар асыл ән,
Қасиетінді қалайша бүгіп, жасырам?
Рух алып асқар бойыма әркез өтемін
Қасқайып тұрған тас мүсініңнің қасынан.

VIII. 2017

Сиқыр

– Сәлем! - дедім,
Сәлемдестің.
Сыр алыстық сәлеммен.
Саябаққа ене кеттік жасырынып әлемнен.
Сырғалым-ау,
Сан сұрақты сеніміңе жеңдіріп,
Сен сыйладың таба алмаған жан дауамды дәрі, емнен.

Сыңар бағым, сезімім мен сенімімді біл, түсін,
Саған қарай ұшырайын жүрегімнің жыр құсын.
Сері деген қалай ғашық болмайды екен аруға
Сымбатынан көз шалатын галактика күлкісін.

Сұлулыққа ес жоғалып, есерсоқтау болып ап,
Сымбаттының сымдай керген саусақтарын қолыма ап,
Содан кейін гүлденеді бар қайғысын ұмытып
Сары күзде солғын тартқан жапыраққа толы бақ.

Сабылдырып, сағындырып, қара түнде ұйқы ұрлар,
Сенің.
Сенің.
Иә, сенің көздеріңде сиқыр бар.

VIII. 2017

Алас

Тағдырға тоналған сұм,
Жебе етіп атарым – эн.
Мен үшін жоғалғансың
Адамның қатарынан.

Қан ақса маңдайыңнан
Кінәні тастан көрме.
Бәрібір,
Кетсе дағы,
Айналып аспан жерге.

Үйіңде тұрған гүлі,
Барады күліп кекші.
Жұлдызым жанғандығы
Жақпаса құрып кетші.

Мейірім беріп кеп пе?
Махаббат төрағасы.
Түсіме еніп кетпе
Ойыма жоламашы.

IX. 2017

Туған жер

Туған жерім, тал бесігім, тірегім,
Мекен еткен кәрі құрлық жүрегін.
Бабалардың қаны сіңген қастерлім
Қорғап өтер шабылғанша білегім.

Қасиеттім, күш беретін дуасы,
Тауы заңғар, зәм-зәм толы жырасы.
Ұлан-ғайыр атырабым,
Қайнаған
жанталас пен ерліктердің куәсі.

Сан ғасырда бұзылмаған қаймағың,
Ат үстінен құлатпаған жайдағын.
Зеңгір көкте қалықтатып қыранын
Желбіреткен көк түріктің байрағын.

Өзің жайлы тербетпеді күйді кім?
Кіл Әзиздер құрған сенде билігін.
Алтай менен Атыраудың арасын
Дүбірлетер демеуіңмен жүйрігің.

Дауылпазың дала даңқын тағынар,
Жаншып, таптап, жын қалдырмай қағынар.
Исі қазақ табынатын жерұйық
Тағзым толы қара өлеңді қабыл ал.

IX. 2017

Серг

Жара неге қала берді жамаусыз?
Сезім неге бола қалар керексіз?
Жандар неге қосылады қалаусыз?
Жолдар неге бөлінеді себепсіз?

Алаң неге төр береді соғысқа?
Адам неге байқамайды жыртығын?
Ғашықтарға тағдырлары тоғысқан
Өмір неге кезенеді мылтығын?

Гүлдер неге солып жатыр қараусыз?
Күндер неге өте кетер зулаған?
Шашым неге алба-жұлба, тараусыз?
Нәсер неге жан кірімді жумаған?

Сені неге сақтап алдым көңілге?
Жырды неге жаздым осы ораммен?
Тек өзінді сүйіп өтер өмірде
Мұхаммедке (с.ә.у) ғана ғашық болам мен!

IX. 2017

Ғашықпын

Сағындым ғой, о, муза,
Шабыт қайда?
Шарықтауға мүмкін бе
Қамықпай да?
Бақытына ынтыққан батыл жүрек
Бал сезімге бөленген қалып қайда?

Кімді іздедім Тайгадан, жырақтардан,
Мүйістерден, бұғаздан, тұрақтардан?
Сүйіспеген ешкімнің құшағында
Ару қайда әуезі ұнап қалған?

Қайда бәрі?
Осындай сұраншақпын.
Толқынында тербелем қиял шақтың.
Күн батқанша аңсайтын ай сәулесін
Менің мәңгі сыңарым — ұялшақ түн.

Өмірімнің барлығы,
Сұрақ бәрі.
Тірлігімді өтеді сынап бәрі.
Мен үшін мұңаяды қарындасым,
Жүрегінің жастарын бұлап тағы.

IX. 2017

Тағат та таппай кеттік тілдесуге

Біз қашан кезігеміз?
Қай жерде махаббатты сезінеміз?
Қай жұлдызға қараймыз тілек айтып?
Қай түні құшақтасып көз ілеміз?

Білсең айтшы жауабын осылардың,
Сен тапқан бар шешімге қосылармын.
Өзіңді өліп-өшіп, жүрмін бағым
Тосып әр күн.

Кеткем жоқ өрлеп тегі,
Көздерің мені мүлдем көрмеп пе еді?
Жанымды олай-бұлай сілкілейді
Өмірдің өрнектері.

Тағат та таппай кеттік тілдесуге,
Бармаймыз кешкілік ас бірге ішуге.
Ай мен күндей біздердің тағдырымыз
Күн кешуде.

X. 2017

Қыңыр сұлу

Туғанынан ойға алмаған алдауды,
Ілмейтін де қаперіне арбауды,
Сенің кірсіз пәк пейілің секілді
Біздің елге қар жауды.

Күз салтанат құруынан қапы қап,
Сұлу қыстың ырығында атырап,
Есті құртқан ерініңдей қып-қызыл
Дірілдейді жапырақ.

Енді жерге ақ текемет төселер,
Сақылдатып тісін қағар көшелер.
Сонда менің құшағымды аңсайсың
Ал, әзірше бөсе бер.

Назың жайлы мінезіндей даланың,
Сөзің сұлу, бал тіліндей баланың.
Мүз бола бер,
Көктем болып келем де,
Уылжытып аламын.

X. 2017

Қаталдық

Жүрегіңе күн нұры толып көктен,
Жүресің ай дидарың болып көктем.
Жігіттерді аяймын,
Сені сүйіп,
Рельстерді жастанып өліп кеткен.

Терезеңнің түбінде күйді ақтарды,
Олар сосын үй қылды кей бақтарды.
Қуанамын,
Бетінен қағып салдың
Батылдығы жетпеген бейбақтарды.

Таңнан-таңға шырқайтын жыр едің сен,
Хош иісті ханшайым,
Гүл едің сен.
Кемшіліксіз қалпыңда ұнатады
Сенен өткен қатал жан
Біле білсең.

Байқашы,
Шоқ ұша ма тілегімнен?
Қапы қалма өмірлік тірегіңнен.
Қатал жанның ішінде бір мейірім
Жасырынып жатарын білемін мен.

XI. 2017

Күз көңілі

Менімен сыр бөлісті дала мұңы,
Жанымыз егіздердей.
Қара мұңы.
Біз кездескен жердегі солмапты әлі
Лала гүлі.

Сенің жаның сүт болды сүзілмеген,
Менің әнім мұң болды мүжілмеген.
Қарашы, тіпті анау ағаштағы
Жапырақ үзілмеген.

Ал, біздің жібі үзілген арамыздың,
Жеткені осы болар санамыздың.
Мендегі жаратылыс мінезіндей
Қара күздің.

Сондықтан ұнамайды қазан маған,
Қараша қызығымды аз алмаған,
Келмеші лас кеудеме,
Сенің арың
Әлі де тазармаған.

XI. 2017

Жалғыздық жоқ

Жүдеу жанның аяқсыз жыры сынды,
Сары уайым сорғылар құрысын күн.
Хас сұлуды сүйдім де, тіке барып,
Тікенегін тазартып гүл ұсындым.

Құшағына гүлді алды.
Кектенбеді.
Күндер еді құбылғыш көктемдегі.
Бай жігітке еркелеп тұрды бірде,
Бір бейнеге айналып өткендегі.

Дауыл келіп ұшырған үпелегін,
Енді жаным нелерден күтер емін?
Мүмкін, сол раушан гүлдің киесі ұрды
Бекер жұлған екенмін тікенегін.

Жүрек бар ма түбінде сыз қалмаған?
Қайғы бар ма артында із қалмаған?
Сорлы емеспін бақытын іздемеген,
Ез емеспін сүйгенін қызғанбаған.

Кезікпеді жолымнан қар қыз, гүлім,
Кезікпеді жолымнан бал қыз бүгін.
Жалғыздық жоқ,
Иықта періштелер,
Жанымда жалғыздық бар,
Жалғыздығым.

XI. 2017

Ақын деген – ақсүйек

Жүрегімді шоқ қариды,
Қарлы күн.
Терезеден жел кіреді зар илеп.
Өмір, өмір орындайды жарлығын,
Ғұмыр кешу ғанибет.

Жан-жағымда топырлайды кіл сұмдық,
Сойқандардың ішіндегі қай төбе ем?
Ақын болып туғандығым бір шындық
Адамдығым – мәртебем.

Өлең жазсам тәтті,
Кейде балсыз қып,
Ол мендегі жаратылыс алынбас.
Беттің арын белге түю – арсыздық,
Арсыздыққа жаным қас.

Дейтіндерге: «бар жүрісі бекерлік»
Жалған емен жүргендігім тамсанып.
Жұртта мені білмейтіндер жетерлік,
Күндейтіні қаншалық?

Амал дәптер тізіп жатыр қадамды әр,
Ғұмыр кешкін кеуделерді бақ сүйеп.
Босқа күнә арқалама, адамдар,
Ақын дейтін – Ақсүйек.

XI. 2017

Өмір әрбір ой-санаға қауқарлы

Барлық нәрсе өтпелі,
Барлық адам өкпелі,
Шексіз осы әлемімнің ішінде
Түсінбейтін дос-құрбылар көп мені.

Пенде бәрі, еш айыбы жоқ болар.
Сезінбес те көңілдегі шоқты олар.
Өмір әрбір ой-санаға қауқарлы,
Ертең келіп, құшақтауға оқталар.

Ай, бірақ, мен,
Ондайларға сенімімді жоғалтқам.
Үміттеніп, есепсіз күн тоналтқам.
Сен сенбейсің, білем, досым, сырласым,
Талай жақсы күліп тұрып оқ атқан.

Ренжиді екем несіне?
Қымбат бақыт келмейді ме кешіге?
Шүкір, қазір басым аман, көрермін,
Әр сәт маған Алла берген несібе.

XI. 2017

Біздің көше

Бұл көшенің бағы болған бес елі,
Еш тұсынан табылмайтын кеселі.
Сұлулардың қылықтарын тізбектеп
Талай ақын сайран салған деседі.

Бұл көшенің әр қуысы киелі,
Тұрғынында жан болмаған күйелі.
Естерінен өңкей ауып қалған ұл
Елігіп қап еріндерге шиелі.

Бұл көшенің әр тасасы әдемі,
Жабыққанның табылады жан емі.
Әр талантты тарланының болатын
Ақша бұлттан жасап алған әлемі.

Бұл көшенің бұлбұл дауыс әні бар,
Ақ мамықтай ару қызы – жаны бал.
Қабак шытсаң жанарынан жас тамып,
Мойынына жәуміт алқа тағынар.

Бұл көшенің мөлдір тамшы жыры бар,
Талабыңа төгетұғын нұры бар.
Сабаздарым, өлең арна сұлуға
О, арулар, ұнатқанның гүлін ал.

Бұл көшенің сиқыры бар бөтен тым,
Күдіреті бар әлемге жететін.
Албырт жастар жанарлары тоғысқан
Келер күні қол ұстасып өтетін.

XI. 2017

Біз жүрген әлем сұлу,
Кері ой да мың.
Керіағарды елемей, ұйқы алдында
Түнге сәуле таратып сені ойладым.

Содан соң, тәуекел деп,
Тамақтағы асқыншақ қырыл кетіп,
Дыбыссыз режимдегі телефонға
Қоңырау соға бердім дірілдетіп.

Оянбадың,
Дірілге сенім артам.
Білмедім өмір бұлай боялғанын,
Бассызға балай көрме мені, қалқам.

– Өттең-ай, тоқтауы жоқ тезім еді,
деп неге күрсініп ем?
Түбінде көңіл тасы езіледі
Біздегі қос жүректің дүрсілімен.

Ынтығыш лебіз үнге,
Сырласуға табамыз уақыт тағы.
Өмір атты мүмкіндік теңізінде
Біз үшін атар талай бақыт таңы.

XI. 2017

Сол бір сәт

Сол сәтте бастадың салмақты әңгіме,
Үнімен бал тілді тотының.
Әр сөздің сұлбасы керімдей, сән кіре
Мен өлең оқыдым.

Мен жақтан ескен хош самалды,
Қабылдап отырдың қысылып.
Ішіне нұр толған жәуміттей жанарды
Төменге түсіріп.

Сенікі екенін жаңылмай таныдым,
Сыңғырлап естілген күлкінің.
Гүлі боп жайқалдың жиналыс залының
Айқасып кірпігің.

Біз неге осылай сырластық?
Ешкімге келтірмей күдікті.
Жарқ етті жүректен ең ұлы қимастық
Аруға қылықты.

Тағдырда өшпейтін өмірлік күнә ғой –
Махаббат раушанын солдырсақ.
Біздерді бақытты қылса ғой
Сол бір сәт.

XI. 2017

Менің анам

Менің анам – сенің анаң секілді,
Біздерді ойлап, мұң шегеді не түрлі.
Ұлдарының кем-кетігін түгендеп
Дәл өзіндей қыз өсірген кекілді.

Менің анам – шаңырақтың шаттығы,
Реті келсе ұстай салар шапқыны.
Бар мейірім, махаббатпен көгерген
Әкеміздің аялаған ақ гүлі.

Менің анам – ғаламаты ғасырдың,
Ол кісідей бола алады асыл кім?
Бақытына туылғанмын, кез келсе
Барымменен абыройын асырдым.

Менің анам – зәм-зәм судың бұлағы,
Талай ақын, әншілердің жыр-әні.
Ана – барлық дүниеден қастерлі,
Пейіш бағы – аналардың тұрағы.

XI. 2017

Сағындым

Достар болып жүрген күнді,
Шат-шадыман күлген күнді,
Бақшасына көрші атаның
Түсіп, төбет үрген күнді.

Ағаш садақ иген күнді,
Шаңқай түсте күйген күнді,
Анам шыбық ұстап тұрып,
Маңдайымнан сүйген күнді.

Асық тігіп атқан күнді,
Жұмыртқа ұрлап сатқан күнді,
Алтыбақан
Ай астында
Ақсүйекті тапқан күнді.

Талды тұлпар еткен күнді,
Есекке арба жеккен күнді,
Темір ескек, тесік қолқап
Мұзда шана тепкен күнді.

Қайыс қамшы өрген күнді,
Қойдан қозы бөлген күнді,
Түтінге орап адыр басын
Шоққа картоп көмген күнді.

Өзен жаққа барған күнді,
Елден бата алған күнді,
Бұзығы көп бар ауылды
Ысқырығым жарған күнді.
Сағындым...

XI. 2017

Ой

Түннен інжу теремін, ауадан мұң,
Ойланам, достарым кім, жау адам кім?
Таң атырам осылай, негізі бұл –
Тұс көретін мезгілі сау адамның.

Қыртысымен миымның толықсыған,
Кеңірдектен барлығын орып шығам.
Сосын, жатып сәбидей балбыраймын
Бірақ, бұған жетпейді толық шыдам.

Маржан іздеп кетемін терең ойдан,
Өлік санап қайтадан келем, ойран.
Ләззат алам біреудің түсіндегі
Бас кейіпкер боламын деген ойдан.

Саңыраудан ана бір жел үрлейтін,
Қымтап, бітеп баққанға жеңілмейтін.
Өзге ғаламшарлық боп кетсем екен
Шақша басын тышқандар кемірмейтін.

XI. 2017

Менің менім

Қызық емес кімде күш, кімде бой бар,
Біреу мұны жалған не шын деп ойлар.
Ертеңіме бастайды еңсе толған
Жұлдыздарым, жырларым, түндегі ойлар.

Иа, мен бір пендемін тасыр ойлы,
Жырларымның жағасын жасын ойды.
Барлығынан шаршасам мекендеймін
Кұзар шыңды, аралды, жасыл ойды.

Ыза қысса, төңкерем айналамды,
Бар әлемге саламын байбаламды.
Еліткен, муза бикеш, айтшы сенің
Жыр боп аққан сырларың қайда қалды?

Қарасам, бәрі де еттен құралғандар,
Қарасам, бәрі түгел шың алғандар.
Механизм мен тектес болмас сірә
Бір арманның ішінде мың арман бар.

Шырқайтын адам болам әр әнді армен,
Токтағанша амалдар, қадам, дәрмен.
Өмір сүргім келеді парасатты
Өмірім бола алатын адамдармен.

XI. 2017

Шахмат өмір

Өмірім боялған шахматша, жолым – ақ.
О баста кастингтің заңына нақ келдім.
Өтірік күлудің шебері болып ап,
Рөлінде ойнаймын бақытты актёрдің.

Қамалым – жүрекке енудің өзі мұң,
Қағаз бен қаламым бұйырған бағым боп.
Тырыспа кір іздеп, қалмаған төзімім,
Жабылған жаладан сынатын сағым жоқ.

Білемін, сен әркез биікке құмарсың,
Сондықтан дендейді қан-кескі қақтығыс.
Сен ұтсаң, ауызбен ұтатын шығарсың,
Ал менің еншімде шах және мат жүріс.

Қорықпай жүремін пешканың құр өзін,
Осындай сиқыршы саусақ бар қол қайда?
Баспаймын слонша, ладья мінезім,
Ал, сен ше,
Ферзге айналсаң болмай ма?

XI. 2017

Галактикадағы ғұмыр

Қалауың болса, құшақтап алшы,
Бермей-ақ жауап сұраққа.
Қолымнан ұстап, ұшаққа баршы
Кетейік жұрттан жыраққа.

– Жүрекке керек жыр, дедін,
Міне.
Ойыңнан өшір тергеуді.
Жазып қой жоспар күнделігіне,
Сол жақтан қайта келмеуді.

Сүйемелдеуге жарап гитара,
Өзінді айтамын ән қылып.
Екеуміз ғана Галактикада,
Ғұмыр кешейік мәңгілік.

Керекті қамда шарапшылардан,
Бар шығар менің қолтаңбам.
Бейхабар боп кет Қарақшылардан,
Қызғанба мені Шолпаннан.

Жайымды әркез уайымда менің,
Өтірік кейбір көл сөзім.
Мен саған сыйлық дайындап едім
Сатурнда тұр, көрші өзің.

XI. 2017

Досым

Имансыздан табылады шатақ, кір,
Түсінсеңіз, даңғыл болмас атақ кіл.
Барлық бақыт қойнауында Құранның.
О, адамзат, керек бізге тәфәккүр.

Ғайбаттамау кілті болар құлыптың,
Ниет – арқау құнарына үміттің.
Жұмақ пенен тамұққа жол салар біз.
Ғибадатсыз, өткізбейік жүніп күн.

Досым, сен де нұрлы өмірге бас қадам,
Адал болсын ғибратты астанаң.
Жанар жасын тауыс тағы, тазала
Астанаңды бір Алладан басқадан.

Сабылуды сабырыңа жеңдіріп,
Ой-санаңды ақиқатқа сендіріп,
Көкірегінді аш, көк күмбездің астында
Әр сәтінді ғұмырыңа тең қылып.

Пешенеңе жаза алмайды бақсы бақ,
Кәне, досым, өміріңе жақ шырақ.
Ұлы біздің Жаратушы һәм жалғыз.
Сен қызыққан керегі не тақ сымақ?

Ақыл емес, кеңес қылам мен саған,
Қаза болсын кеңестен соң кері санаң.
Әлем сыры – қойынында Құранның,
Бақыт табар әр сөзіне сенсе адам.

XI. 2017

Бикеш

Тегісте тайғақтап, басқандай быламық,
Есімді арбайды келген қыз сыланып.
Найзадай кірпіктер түйрейді әр жерден,
Жанарды жаулайды қыпша бел бұралып.

Ламбада,
Ламбада!
О, неткен керемет!
Оятып кетпесін ақ жаңбыр себелеп.
Құлақтың астында сайрайды бұлбұл құс,
Қабактың үстінде билейді көбелек.

Дәл осы мезетте ой-санам ауса-ды,
Жүректің қамалы күл-парша, қаусады.
Ханшадай қиылған музаның сыңары,
Хошымен масайтар шаштағы раушаны.

Жанымның ішінде елжіреп, еркелеп,
Осында әкелген – бір сезім, желкелеп.
Жаныңа баруға көңілім кетіп тұр
Өтінем өзіңнен,
Өзіңмен ерте кет.

XII. 2017

Арман арғымақтары

Кетемін бастан бақ тайса қайда?
Жүректі жылдар тілімдеп.
Армандарымды ақтарсам айға,
Қарай ма маған күлімдеп?

Көңілдің күйін көтеріп тастап,
Оқысам ше өлең тік тұрып.
Өмірге керек екендігімді
Өзіне ғана ұқтырып.

Ей, менің, арман арғымақтарым,
Сендердей менің келбетім.
Айсбергтердің жарғылап бәрін,
Дүрілдетіндер жер бетін.

Осылай өксік басыла берер,
Жыр механизмі от алып.
Сәлден соң шабыт тасына келер
Тұнбасын тәннің қопарып.

Көңілдің күйін көтеріп тастап,
Көрінген жерге тықпылап,
жүргеннен көрі, армандарымды
Ақтарғандығым мықтырақ.

Ей, менің, арман арғымақтарым,
Жеңіске бастар жол қайда?
Ойға көмілген жанның ақ таңын
Жырмен атырсам болмай ма?

Ең әсем арман көңілімдегі –
Сезім шахарға салт келу.
Ең ұлы жеңіс өмірімдегі –
Өзіме-өзім ант беру.

XII. 2017

Бір қыз бар еді

Қарақшылар көзіне көрінбеген,
Ойы пәк, ақ-қараға бөлінбеген.

Жанары жамандыққа тоқтамаған,
Бәрібір өзгелердің жоқ, бары оған.

Ұлпадай нәзіктіктен жаратылған,
Жаратылыс ішінде дара туған.

Дидары ай секілді, күн көрмеген,
Бетіне опа жағып үлгермеген.

Шырмауына талай ер оратылған,
Ақпейіл, адал жанға бола туған.

Аруларға ұқсайтын бұрындағы,
Ән шырқайтын шашбауы бұрымдағы.

Нұрын шашқан сәуледей түнектегі,
Ақ қардай әдемі еді білектері.

Бас айналып, балқисың, ырғатыла,
Таңдай қағып қарайсың сымбатына...

Бір күні сезім ұшып әлпетінен,
Жанына барғым келіп жарқ етіп ем.

Біреу ұнап қалмасын көңіліне,
Тіреу болып тұрсам деп өміріне.

Қалайша болмай қалар жан арманың?
Сезім құйып қарадым жанарға мың.

– Қарындас, әдемісіз дедім дағы,
Бол дедім жалғандағы менің бағым.

Жұматайдың махаббат жыры сынды,
Көді арбайтын ғаламат гүл ұсындым.

Ләм-мим деп үн шықпады таңдайынан,
Амал жоқ, иіскедім маңдайынан.

Ұялып, мың қылықпен қиылғаны,
Бізге бір тағдыр болды бұйырғаны.

Содан бері сан уақыт өте берді...
Оятпасы бар ма еді көкем енді?

Кейіпкері, сценарий, түсі бөтен,
Бұл менің ең ерекше түсім екен.

Соған налып, ұйқысыз таңды атырам,
Түске қарай хат келді Алматыдан.

Жанымды ұғынатын керім ағам:
«Армандар алдамайды» -деді маған.

XII. 2017

Ақын ақиқаты

Жауһазындай жырымен түнді арбаған,
Өмірде толыққанды шыңдалмаған.
Ақын болу жазылған бір пендемін
Серті нық сырлас болар кім бар маған?

Жан бар ма жарық шашар білте дейін?
Таң атқанша мен оған жыр төгейін.
Қайтесіңдер ұйқыны, оянып ап,
Мең-зең күйді өзіне сілте кейін.

Түн жарымда жүреді кілең бақыт,
Мен оларды сеземін, білем жатып.
Беймезгіл, бадырайып таң алдында
Ұйықтаған жақсы ғой сілең қатып.

Жаза бассам қанекей, атыңдар,
Кім?
Болашаққа қалдырар хатым бар мың.
Түсінбей жүрсіңдер ау жан әлемін,
Және де өлмейтінін ақындардың.

Төбемізден төмпештеп төнесіңдер,
Сендер бізді бекер-ақ сөгесіңдер.
Ғаламзаттың жазамыз ішкі дертін,
Көресіңдер.

XII. 2017

Ақылды ару

Көңілімнен білінер өмір мәні,
Өміріммен өлшенер көңіл нәрі.
Тұнық түннің тұңғыық құшағында
Муза ананың тағы да төгілді әні.

Жыр төгуге туып тұр орай тағы,
Тағдыр ұстаз әрдайым жөн айтады:
«Сұлу құрбы жаныңды жадыратар,
Адалдығы бақытты молайтады».

Әрине, бұл тәмсілге нану оңай,
Сол секілді шырпы боп жану оңай.
Мен сыйлайтын керім бар, аты көркем
Теңесе алмас кез келген ару оңай.

Керек емес бағытын түзеп, бұрып,
Күн кешеді иманын күзет қылып.
Кез келген тақырыпта тілдессеңіз,
Жан бағынан еседі ізеттілік.

Құрбыжаным, бағың ғой орамалың,
Жақсылықтың әлемнен тона бәрін.
Мені өзіңе батырып алу жеңіл,
Бір қиылсаң өзім-ақ омаламын.

Шертпесем де саған деп күй қанымды,
Қолда болса берер ем сыйға күнді.
Жанарыңда жұлдыздар жымыңдасын,
Айдың нұры мәпелеп дидарыңды.

I. 2018

Терең ойлар

Өмір аға, алқымнан алынбас па ең?
Тағдыр ана, құрсағы тарылмас па ең?
Мен «Күн» болып ойнадым жасырынбақ,
Бүкіл әлем «Ай» дескен қарындаспен.

Мен жыр болып төгілдім төңірекке,
Ол нұр болып,
Айтпадым оны көпке.
Апақ-сапақ уақытта аңдыспадық,
Айналмаса болар еді соңы кекке.

Жанам деген жүрекке хақ ереді от,
Басқасынан қорқатын дәнеңе жоқ.
Алла ғана мәңгілік махаббатым,
Жүргенімен ту сырттан бәрі еге боп.

Дақпырт ойлар қаптады, шындық кетіп,
Күні бойы төбемде түндік бекіп.
Суырылып шығамын, естисіңдер,
Терең ойлар түбіне сүңгіп кетіп.

Осып-осып кетсе ғой сойыл қамшы,
Не тіледім?
Білмейсің,
Ойымды аршы.
Баққандарың өзіндік тұспал ғана,
Өтініш, қойыңдаршы.

I. 2018

«Оңүстік-Шығыс»

Зетаның алды, бір тәте гүлмен,
Омалып хошқа қап қойдым.
Қалтамды қағып, раушанға жырмен
Сезім гүлі деп ат қойдым.

Құрбы қыз кеше: «ақынсыз» - деген,
Ойымда әсем кесте көп.
Сықырым шықпай бақырсыз келем,
Асхана қалай есте жоқ?

Гүл ару үшін ақ адал арды,
Ал дедім досқа асырап.
Оты кетсін деп бетіме қарды
Толы уыс етіп басып ап.

Зуылдай бердім, суықтан емес,
Сондай бір күшті күй ішкем.
Бағытқа жылдам жуытқан елес –
Түсімде мемен сүйіскен.

Жете алмай қалды келіскен ерін,
Емтихан екен қап, пәлі-ай.
Түнімен сонда не істеп едім?
Берілген тестті жаттамай.

Кетуде ұсталып, қуылып алды,
Комиссиялардың шайнасы.
Көмекке жарап, суырып алды
Телефонымның айласы.

Алшаңдай басып ашық дәлізде,
Бағаға қанып тойған жүз.
Жадырап тұрды қашық жалюзге
Уағдаласып қойған қыз.

Жасындай соққан қаусадым жайға,
Сипадым басты сәл ғана.
Қолымда қалам.
Раушаным қайда?
Электронды залда ма?

Қааап, дедім де іштен, қап-қара көзге,
Қадалып қалдым қимылсыз.
Есіріп ертең мақтанады өзге,
Ұсына алмадым сый гүлсіз.

Қызатын сәтте қысылып қалып,
Жасырдық бәрін неге біз?
Теңіздей сезім ұсынып барып,
Түбіне кетті кекеміз.

Осы естелікті жинап есіңе,
Түнгі аспаныңа тұтып ал.
Пойызбен барам жиырма бесіне,
Қалаған жерден күтіп ал.

I. 2018

Кей адамдар

Бір ысымай қойғаны алақаным,
Өкпе-назды кімге енді таратамын?
Көңілімді бүге алмай көкейіме,
Шығайын деп тұрғандай жаңа атағым.

Желігімді жастыққа желкен қылып,
Жүр екенмін бекер-ақ селтең құрып.
Көз ілмесем жастанып, қаламын ғой
Обалына тірліктің ертеңгілік.

Міне, осылай топшылап, именбедік,
Көп күндер келеді алдан иреңделіп,
Жақсының бәрі бірдей дос емес қой,
Жан болса да бетіңнен сүйген келіп.

Қызыл-жасыл құлпыртқан жарық залды,
Шырқай ма екен фәнилік танып заңды?
Адамдығы әнінен асқақ ұшқан
Неге сонша сөгеді ғаріп жанды?

Пенделікке қойыпсың тұсап бәрін,
О, тағдыр, неге сонша ұсақтадың.
Кей адамның көрдім де жан әлемін
Қарғыбаулы итімді құшақтадым.

I. 2018

Сені көрсем

Жанарыңа не жетеді жап-жарық?
Бір көруді аңсап өткен сан ғәріп.
Жарқылынан талай ләззат алсам да
Тағат таппай қарай берем таңданып.

Бұрымыңа не жетеді өрілген?
Қою қара, қос салаға бөлінген.
Ерік берсең, есті құрта жайылып,
Тұнық түннің келбеті боп көрінген.

Дидарыңа не жетеді ай көрік?
Сені көрмей жүрмін, ботам, қайғы өбіп.
Көз ілеспей сырғып түскен аспаннан
Жұлдыздарға лағыл жырым сай келіп.

Ерініңе не жетеді қызылша?
Қауырсын қас, кірпіктерің ұзынша.
Табиғаттан келбетіңе көрікті
Аямаспын әлдебіреу сұғынса.

Жүрегіңе не жетеді пәк қалып?
Қойнауыңда ізет тұрған сақталып.
Сені көрсем денем толқып тұрады
Тамырларым жарылуға шақ қалып.

I. 2018

Әлсіз арман

Аңсайды бағзы бал күнін,
Адамдар содан көңілсіз.
Тәкаппар болып, тағдырын
Сынайсыз неге, өмір, сіз?

Пенде емес пе еді барлығы?
Парасат іздеп сабылған.
Алланың жазған әмірі
Пешенесіне қағылған.

Шырылдап келген кезімнен,
Шәрбатын шердің көп ішкем.
Жер шарын кезіп сезіммен,
Шапалақ жегем сөгіспен.

Аңқиып қала беремін,
Айтуға тілім жете алмай.
Арманға толған өлеңім
Арғымақ болып кете алмай.

Арамзалықпен алысқан,
Адалдығымның кеңсесі.
Арыстандардың ах ұрған
Айбарын маған берсе осы.

Жеңер ем жұртты даттаған,
Жаным деп күйімді ұққанды.
Жер бетіндегі қаптаған
Жояр ем зұлымдықтарды.

II. 2018

Қүдірет

Қосылып алып күлгенге,
Сабылып түнде айтам ән.
Еске алмаймын деп жүргенде,
Сағынып қойдым қайтадан.

Соңына түсіп желіктің,
Солғындау күйді шертеміз.
Неліктен мені еліттің?
Жаулаған жанды, ерке қыз.

Есімің неге есімде?
«Болды енді, бәрі кеш!»- дедік.
Қоңырқай қала кешінде
жүруші ек.
Тағы естелік.

Сырласып барып соңына,
Соңынан қайта бас жаққа.
Жақындап жастар тобына,
Сұраныс салып аспапқа.

Сен едің сүйіп қалмаған,
Бақытсыз болсын десін бе?
Қалды екен саған арнаған
Қай өлең сенің есінде?

Арайлы бақта кешкілік,
Қызықтаушы едік көктемді...
...Естелік деген ескілік,
Есіме алмаймын, жетті енді.

II. 2018

Жалғыздықта

Жарқ еткеннің бәріне таңырқайды ұл,
Қарқ-қарқ күліп, жазамын қоңырқай жыр.
Жылап жүріп, құрамын сауық-сайран,
Жетісіп тұр дейсіңдер көңіл қай бір?

Келеке қып миықтан күлген қастай,
Біреу мені қарғады-ау, іргемді ашпай.
Ойларым әр қиырдан бір шығады,
Баспаналы бола алмай жүрген жастай.

Құрсауына ендіріп қаһар атқан,
«Көрсетейін!» - деді ме қатал ақпан?
Сезімдермен ойнаған жоқ едім ғой,
Неліктен азап шектім махаббаттан?

Жаралғандай ғаламның тастан бәрі,
Қайда кетті мейірім баспалдағы?
Ақ дидарлы айды бір құшсам деп ем,
Жұлдыздарды иіскеп аспандағы.

Көңілін табу үшін ай қабақтың,
Мұхиттарды түнімен шайқамақпын.
Ол тіріліп келгендей болып еді,
Өлтіріліп кеткенін байқамаппын.

Дене мас, тілім тәтті, көзім алмас,
Есімде ерін сүйген кезім алғаш.
Қазір соның бірі жоқ, мына мендей
Жалғыздықты бір адам сезіне алмас.

II. 2018

Тағдыр, неге?

Талан-тараж күйге сап тілегімді,
Кесел де бар кесердей білегімді.
Төпелердей тоқпақпен нем жақпады,
Тағдыр, неге жаншисың жүрегімді?

Қайда менің күнімнің шынар таңы?
Тынысыңды алдыртпай қыл арқаны,
Адам үшін жаралған қуанышқа,
Тағдыр неге соншама құмартады?

Тәубе дегіш аузыма құйып құмды,
Көкірекке қып-қызыл күйік тұнды.
Сезімімді білдіріп үлгермеген,
Тағдыр, неге қызғандың сүйіктімді?

Әлбетте, адам саған тең келер ме,
Айналамыз соңында көмбелерге.
Қысқа ғана өмірді қайғысы көп
Тағдыр, неге сый еттің пенделерге?

Жан сырым бар ешкімге аша алмаған,
Бір көктас бар есімім қашалмаған.
Тағдыр, неге тізгінді тарта бердің?
Биігім көп әлі де аса алмаған.

Дейсің бе сен: «Талабын тұмшаладым»?
Дағы да жоқ бойымда құл сананың.
Тағдыр, неге кеуденді кересің кеп?
Мен әлі бар күшімді жұмсамадым.

II. 2018

Өмір

Көсілдім бе,
Жүйрігім, тұсадым ба?
Бықсық от па?
Бұлқынған күш ағын ба?
Жаурадым ба жауында?
Жылындым ба?
Жез жүректі жазмыштың құшағында?

Белгісіз күй, тылсымдар, тарау, бағыт,
Кеудедегі бола ма алауда құт?
Өксік толы өмірді сүйген жанға,
Мүмкін, барлық жұлдызды санау бақыт.

Рахатқа қануға өріс қашық,
Бақ пенен сор қатар жүр қол ұстасып.
Асыл жұртым арулап орнықтырар,
Жер бесіктен бұйырған қонысты ашып.

Жылдар, жолдар, тағдырлар тізбектелген,
Тізбек-тізбек тамаша іздеп келген.
Іздеп-іздеп, кетерміз асып мәңгі,
Бақыт кілтін таба алмай біз бөктерден.

III. 2018

Ғашықтың жыры

Ғашықтың жайы басыма келді,
Тағдырдың ұлы тас ұра берді.
Шаршадым тозып, сүйемін бірақ,
Сезімді қалай жасырам енді?

Серіге әнін салғызған керім,
Мамық қардан да, бал қыз, ақ едің.
Айға ұқсап туған ғарыштың қызы,
Бұл ғаламшарда жалғыз-ақ едің.

Елемес жақұт жыр туса да өмір,
Өзіндей болмас құлпырса да өңір.
Көзімді салмай кетем бе саған,
Кеудемде мынау бұлқынса көңіл.

Жаралған ғажап жер бетіндегі,
Еліте берді келбетің мені.
Жаныңның әсем – құс жолындағы
жұлдызбен бірге тербетілгені.

Жұпар иісті қаулаған гүл ең,
Күндерден күткен лаулаған бір ем.
Құшаққа қысып жылытайыншы,
Сенің де денең жаураған,
Білем.

Көңілді көктем екеумізде тең,
Түсіріп күйді өтер күз де тең.
Біріне-бірі кездесе алмаған,
Ай менен Күндей өтерміз бе екен?

Таңдай қаққызған таң қылып бәрін,
Сезімнің естіп жаңғырықтарын,
Селт етіп жүрек, сеніміңді артып,
Сен боларсың ба мәңгілік бағым?

IV. 2018

Шатаспаңыз

Бал ішемін ап-ащы сағыныштан,
Татқызады тәп-тәтті төзім шырын.
Армандарым шетінен алып ұшқан,
Бағындырып келеді сезім шыңын.

Бүкіл Галактикаға шақ көретін,
Ақиқатым – сүйемін бір жанды мен.
Тек сол ғана жүректі қақ бөлетін,
Тек сол ғана жаныма қылған бір ем.

Бұрқанамын,
Балқимын,
Еріп айтам.
Жан жоқ оны сезініп қабылдаған.
Әр түн сайын көңілсіз кері қайтам,
Бір есіктің алдынан қағылмаған.

Маған неге қарайлап құнықтыңыз?
Шатаспаңыз, сіз емес саз ұрлаған.
Ғаламаттан көрікті қылықты қыз,
Әлі ешбір қағазға жазылмаған.

IV. 2018

Дәурен

Қайран, менің мөп-мөлдір бала кезім,
Қуалаушы ем көршінің қара көзін.
Ол да жатқа кетіпті, өмір, шіркін,
Шеберлікпен өрнектеп салады өзін.

Молдас құрған атамның аяғында,
Тәртіп бұзсам әкемнің таяғында,
Тал түсте балық аулап жүретінмін,
Қатемді тап-таза етіп шаямын да.

Жас боп таппай жүргенбіз бас ауысын,
Бас боп жаппай білгенбіз асау ісін,
Туған-бауыр келетін қала жақтан
Шаңыраққа бір тағзым жасау үшін.

Қызықты еді қозы-лақ санағаным,
Май жаққан анашымның таба нанын
жеуші едім.
Дөңгеленді өмір көші,
Ол дәуренді мен қайдан таба аламын?

Ауылым, жуынушы ем тұнығыңмен,
Иттері түні бойы тұрып үрген.
«Ақыр торы» – атамның атын мініп,
Тай-тулақтың мойнына құрық ілгем.

Айта алмаймыз әзірге жарытып аңыз,
Жүргеніміз жартыдан – жарты дәліз.
Сол құрықты біздерге өмір ілді,
Өкінбеуге тым қатты талпынамыз.

III. 2018

Көш пен кеш

Өмір көші,
Аялдама,
Сан түрлі көңіл хошы.
Бар әлемді ендірген құшағына
Бұл фәнидің қомақай қоңыр қосы.

Таң атады,
Күн күлімдеп, нұрланар дала тағы.
Ертегідей осынша керемет қып
Құдай бәрін қалайша жаратады?

Сәске келер,
Алаң еске түспейді әсте нелер?
Кейбір жанның жүрегі мұзға айналып,
Кейде жібсіп жатады тас денелер.

Күн төбеде,
Атақтыға айып тақ, күн төле де,
Пысықырып та қарамас, - кім екен,- деп.
Билік тимей, байланар шын төре де.

Түс ауады,
Лаулатар арам ойлы кісі араны,
Мүжиді жұрт тірліктің жіліктерін,
Шырқалады шаттықтың құсалы әні.

Айна бесін,
Маңдайыңа қағады сайлап есім.
Мақұлыққа айтыңдар ақиқатты,
Зарлап, - Ұлы кешірім қайда?, - десін.

Екінді шақ,
«Құрт» дегеннен торығай етінді сақ.
Өз өзінді бағудан басқа амал жоқ,
Әрлеп қояр тарамдар бетінді ұсақ.

Ақшам батар,
Тығылып кеп, ұрпағың шақшанды атар,
Көргеніңмен не пайда харам қызық?
Бет көріспей бір жерде ақшаң жатар.

Ағытылдым,
Аруларын қуалап тағы түннің,
Шу-шуледім, төрт өрім қамшы салып,
Шалқұйрығын мініп ап шабытымның.

Өмір көші,
Сау адамның кенеттен сөгілді есі.
Өмір деген сағаттың тілдеріндей
Уақыттың уағдалы көңілдесі.

V. 2018

Махаббат

Махаббат неге баянсыз?
Махаббат неге баянды?
Жақсы қыз неге бояусыз?
Сұлу қыз неге боянды?

Махаббат неге әдемі?
Махаббат неге көріксіз?
Шын ғашық жанның әлемі
Түсетін отқа еріксіз.

Махаббат неге тым биік?
Махаббат неге аласа?
Сүйеді екен деп жүреміз,
Күлімдеп біреу қараса.

Махаббат неге ақылсыз?
Махаббат неге ақылды?
Бітпестей бәрі бақырсыз,
Ар неге нанға сатылды?

Махаббат неге мейірсіз?
Махаббат неге қайырлы?
Сынайсыз түбі кейін сіз,
Шашасы шаңсыз шайырды.

Махаббат неге тым ұзақ?
Махаббат неге келтелеу?
Кешіксең қапы қаласың,
Бастауға әркез ертелеу.

Махаббат неге үзіксіз?
Махаббат неге көңілсіз?
Сезімсіз өмір қызықсыз,
Көктемес көңіл өмірсіз.

Махаббат неге түп-тұнық?
Айдыны неге лайланған?
Босағасынан құт құрып,
Батпандай бір сор байланған.

Махаббат неге жауапты?
Махаббат неге жауапсыз?
Кімдерге берген сауапты?
Білмейсің еш кез, сауатсыз.

Махаббат неге алаңсыз?
Махаббат неге тынымсыз?
Махаббат болмас адамсыз,
Адамға берген ұғымсыз.

Махаббат неге алыста?
Махаббат неге жүректе?
Сезімсіз жанмен таныспа,
Бейтаныс жанға гүл екпе.

Махаббат неге көл-көсір?
Махаббат неге татымақ?
Құшақтап кетпе көрге сыр,
Жайып сал бәрін, ақымақ.

V. 2018

Сен деп

Сен күліп жүрсе екен деп,
Пердесін түрсе екен деп,
Біреуге ұнайтынын
Ертерек білсе екен деп.

Өзгені күтпесе деп,
Көзден жас сүртпесе деп,
Мақпалдай бұрымыңды,
Самал жел түртпесе деп.

Сен мұңға батпасын деп,
Жабырқап жатпасын деп,
Қағамын қалжыңменен
Көңіліңнің қақпасын кеп.

Сен мені сүйсе екен деп,
Жалынға күйсе екен деп,
Қызғанып қыз-қырқыннан,
Қабағын түйсе екен деп.

Сен мені іздесе деп,
Сұрақтар тізбесе деп,
Үлбірдей үмітімді
Ешқашан үзбесе деп.

Сен мені ойласа деп,
Төменге қоймаса деп,
Бақыттан бас айналған
Сәттерді тойласа деп.

Сен мені сағынса деп,
Жүрекке бағынса деп,
Мен жазған өлеңдерден
Жыр моншақ тағынса деп.

Сезіммен ауырса деп,
Құтырып дауылша көп,
Ұйқыңнан оятуға
Бүркімін жауынша кеп.

V. 2018

Періште

Бізге неге тым қысқа төзім берді?
Мөлдіреген сезінбей сезімдерді.
Кеншілердің қаласы жолықтырған
Қай ауылдан іздеймін өзінді енді?

Ілестірген өмірдің көші кімді?
Бақыт келіп қағар ма есігімді?
Саған ғана арналған жыр деп білгін,
Мен өзіңнен сұраған кешірімді.

Түні бойы арбасып қаншама мұң,
Сен кеткелі сезгем жоқ таң самалын,
Сен кеткелі жүректің жүгі де ауыр,
Маған қайта оралшы, ханша балым.

Сүю – күйю, ару – гүл, өмір – жырым,
Сені адаспай табуға көк ілді күн.
Кеше ғана өзіме уәде бердім
Жуып-шайып тастауға көңіл кірін.

Сағынып, көруді аңсап, хат беріскен,
Қамал құрған ғажайып сәттер іштен.
Сенің ғана дидарың баурап еді
Жерде туған, тек менің ақ періштем.

VI. 2018

Ол көктем оралмайды

Сүймегендер сезімін көп алдайды,
Деме бірақ, сенімдер тоналмайды.
Хошы аңқыған раушандар иіскетпес,
Ол көктем енді қайтып оралмайды.

Өзің ойлан, қоярмын мен бір айтып,
Қырат-белдер жайқалмас теңдік айтып,
Ақша бұлттың құлаған құшағынан
Ақ жауында жүрмейміз енді қайтып.

Менің шамам жетеді алысуға,
Кетгі екен деп ойлама салы суға,
Арқырап тасып жатқан сол өзенге
Енді қайтып бармаймыз қауышуға.

Махаббаттың қанбаймыз шырынына,
Енді қайтып түспеймін құрығына.
Іздеп жүріп алқаптан ең көркемін
Қыстырмаймын қызғалдақ бұрымыңа.

Рас айтамын құрбыжан,
Күдіктенбе.
Оралмайды ол көктем,
Үміттенбе.

VI. 2018

Жүректің кілтін өзіңе

Шуағын төккен күні-түн,
Көрікті ару, Күн, Айсың.
Үзіліп тұрған үмітім,
Ілтипатыңмен ұнайсың.

Айдыннан аққу тілді ізін,
Жібектей бұрым өрілсе,
Жарығын шашқан жұлдызым,
Адаспай табам көрінсең.

Мен ғашық дейсің кімдерге?
Тірегім болып тілегім,
Ұйқысыз өткен түндерде,
Жазылған лағыл жыр едің.

Музаның әсем бағында,
Өзіңді ойлаумен таң атар.
Сүйікті жанды сағынған –
азапталумен пара-пар.

Біреуді шексіз сүйіп пе ең?
Кеш мені одан кем болсам.
Арылтшы мені күйіктен,
Таңдауың егер мен болсам.

Мөлдірлік еніп көзіңе,
Бағым деп мені санайсың.
Жүректің кілтін өзіңе
Тапсырсам, қалай қарайсың?

VII. 2018

Көктемісің?

Құр желі есіп тұр жаздың,
Кесемдегі шай да құр.
Көкке қарап жыр жаздым,
Сенің бейнең Айда тұр.

Жүрек құрғыр тасынды,
Үдей түсіп тағы үміт.
Қою қолаң шашыңды,
Жұлдыздар тұр жамылып.

Табу оңай сені енді,
Саған бастар тұс толы.
Үлбір аппақ дененді,
Тербетеді құс жолы.

Галактика әлемін,
Күлкің елтіп қалқыған.
Жанарыңды көремін,
Юпитердің артынан.

Күні-түні көз тігем,
Қоңыр белден, еңістен.
Жеті қаттың үстінен
Жерге түсші, періштем.

VIII. 2018

Мен білемін

Мен білемін,
Музаны сүйіп туылғанымды,
Бір жапыраққа буылғанымды,
Тамық түндегі тыныш ұйқының,
Төрінен мәңгі қуылғанымды.

Мен білемін,
Жетіспегесін жазатынымды,
Жазуға жетпей қалатынымды,
Жазира дала алақанында
Жаз әнін әрмен салатынымды.

Мен білемін,
Адасып арам келетін күнін,
Адымдап арға енетіндігін,
Адырға салса, сауырын сөгіп,
Адалдығымның жеңетіндігін.

Мен білемін,
Жарлының сыйға таппайтын гүлін,
Жарымның ессіз таптайтындығын.
Жар кеуде, бос ми, батыр сымаққа
Жар болып ару жатпайтындығын.

Мен білемін,
Біреудің мұны көзге ілмейтінін,
Білгіштің биге сөз бермейтінін.
Бітпейтін талас, күтпейтін уақыт
Бір кем дүние өзгермейтінін.

Мен білемін,
Мехнаттың мыңын көретінімді,
Қаламнан жырлар төгетінімді,
Өлеңнен кейін өмірге келіп,
Өлеңнен бұрын өлетінімді.

VIII. 2018

Оралу

Қараңғы кез, Қарағанды кешінде,
Көріктімен кездескенім есімде.
Көңілімді қимай тұрған аруды
Ынтық жүрек «құшақтама» десін бе?

Құшақтадым,
Әлем ысып кеткендей.
Сол бір сәтте бақытты адам жоқ мендей.
Ал, ол қыздың дүрсілдеді-ай жүрегі,
Үйірімен жылқы шауып өткендей.

Иіскедім,
Шөлп-шөлп сүйіп бетінен,
Түсініксіз күй ойнады жетіген.
Ешкім біздің мазамызды алмасын!
(Вахтершадан өзім әрең өтіп ем).

Аруанадай аяулы қыз, кекілді,
Күн жүзіне нұрын шашып не түрлі,
Ары қыстап, көз алдымда қиылды
Айдындағы әсем аққу секілді.

– Музам менің, сезім толы күн көрдік,
– Махаббаттың жетегіне күнде ердік.
Осылайша, екі ауыз сөз соңынан
Екеуара серт берісіп үлгердік.

Содан кейін, бір оқиға артынан,
Арманымыз ауытқыды қалпынан.
Қайта айналып, іздеп келем сол жанды,
Өмірімде болмас одан артық ән.

Осы жолда тоқтата алмас түк мені,
Біздің роман, қалқам, әлі бітпеді.
Ұзақ жолдан аман жетсем Арқаға,
Секцияның сырт жағында күт мені.

VIII. 2018

Ғаламның барлығы

Құрсақта жаралған сәбидің пәктігі,
Бақшада ән салған бұлбұлдың тәтті үні,
Жаңбырдан кейінгі ауаның иісі,
Гүлзардан бал сорған араның шаттығы,

Ананың перзентін сүйсіне өпкені,
Әкенің дария өнеге төккені,
Дастанға айналар ғанибет ғұмырдай –
Тізбекпен ауғаны бұлттардың көктегі,

Аймалап тұратын ай, күннің дидары,
Аспанға жүз миллион жұлдыздың сыйғаны,
Өмірге мән берген адамзат әлемі
Әдемі құрылған жанға нұр құйғаны,

Аязда жылытар құшаққа тығылу,
Өткен мен келерді көп ойлап түңілу,
Миыңның қыртысын көбейту шектен тыс,
Алаудың басында шараптан сіміру,

Төскейді тесердей қазанат шабысы,
Сағаттың тырсылы, жүректің қағысы,
Дауылда қиыршық құмдардың ұшқаны –
Қарашық, қабак пен кірпіктің танысы.

Қос дүлей тағдырдың ескегін ескені,
Алыптан дүрілдеп ақ ұлпа көшкені,
Иықты бозбала именбей жоласа,
Иілсе қылықты арулар көштегі,

Арымас айбыны аққудың көлдегі,
Тәңірдің мейірі, тіршілік шөлдегі,
Мәңгілік махаббат, сезім, гүл ұсыну –
Ғаламның барлығы – қаламның өрнегі.

IX. 2018

Күз бен сіз

Жолымнан кенет шығардай біреу көлденең,
Өзінен өзі өреки берді өр денем,
Бітпейтіндердің бәріне қолды бір сілтеп,
Көшеге қарай адымдай шықтым бөлмеден.

Мына бір сойқан апарады екен қайда ұшқын?
Өзінді іздеп айналдым күнді, айға астым.
Әлемнің бәрін қопарып таппай қойған қыз,
Сезгендей мені, жаныма келіп жайғастың.

Жаратылысқа жасырынғандай жан емі,
Солғындау екен күздің де сендей сәлемі.
Сан ғашықтардың сырына куә бақ іші
Алқызыл түсті орамалы да әдемі.

Төбемнен төніп, соққандай кенет жасын бір,
Тамырым толқып, тағы да жүрек тасынды.
Даланың түгел ғажайыптарын жыйып ап,
Сән құрыпсың ғой, сарыға бояп шашыңды.

Қазақтың қызы қайғы көруге тиіс пе?
Қара көздім-ау, толтыра берме күй ішке.
Қабағыңды ашып, қарашы маған күлімдеп,
Мына гүл саған, мейірің қанып бір иіске.

Нөсерден мынау ағаштар бізді бүркесін,
Барайық сосын көруге күздің жыр кешін.
Қолыңды берші,
Тырнағың көркем,
Мен тартқан
жабыстырғандай гладиолус күлтесін.

Даланың бәрі қызарғанындай сұр беттің,
Шоқтарын күздің кетті екен тағы үрлеп кім?
Үзіле алмаған жапырақтайын бұтақтан
Сызылуыңды-ай, құрметтім.

IX. 2018

Қынай бел

Өмір бойы бір дертпен алысасың,
Сағынасың, сағыммен жарысасың...
Ұмыт болар барлығы көрінгенде
Бота көз, көркем мүсін, сары шашың.

Қызғалдақтай құлпыртқан дала-белді,
Албырт жүзің арбайды сананы енді.
Мейірімнен жаралған жан бағыңды
Суреттеуге сөз жетпей қала берді.

Құлпынайдай сендегі ұнайды ерін,
Тең төрені тоқсан күн сынайды елің.
Айрылмас ем үзіліп кетпейінше,
Ұсталса бір қолыма қынай белің.

Мың құбылар мінезің басқалардай,
Жылуыңа балқымас тас қамал қай?
Қар бетінде билесең жалаң аяқ,
Қара жердің көзінен жас тамардай.

Х. 2018

Қасымға сыр

Ата, сен білесің бе?
Әкем туған бір елде бұзылмаған,
Келін болып түспеген қызылға анам.
Сен кешкенді көргенде озар ма едім?
Тәңіріміз бермеді құзыр маған.

Сол себепті, сен дағы жетім болдың,
Алты Алаштың ажарын жырмен аптап,
Алапат жүк арқалап құлындайда,
Әжім басқан тағдырдың бетін көрдің.

Тік қарадың,
Алай-дүлей дауылдай сорлатар бір,
Алып еңсе таулардай толғатар жыр.
Несібеңді жырып ап езуіңнен,
Не бетімен қарады сонда тағдыр?

Бала болдың ауладан әрі аспаған,
Әсем ғұмыр ақынға жараспаған.
Бақытты еді өзіңнен ойнап жүрген
Қара бұзау анадан адаспаған.

Өмірдің осы салған айыпты әні,
Мінезің бар тасынған Жайықта әлі.
Ізіңмен барсам, сенің дауылыңмен
Теңселеді Оралдың қайықтары.

Отаныңа от тиіп, бұзылды айран,
Өкініп өлмеу үшін тізілді айлаң.
Неткен бақыт қазақтың қыран құсын,
Іле алмауы торына қызыл майдан.

Айналдым елді шексіз сүйгеніңнен,
Ата, төкші, тыңдайын күйлеріңнен.
Мұзға теуіп тастаса жастанайын
Пішіп берші орамал шинеліңнен.

Секілденген Сақтардың Шырақ ері,
Ұландарын ұмытпай тұрады елі.
Мені көрсең шақырма, ата, өзіңе,
Болсын десең қыранның мұрагері.

Дүниенің өртердей отың арын,
Тағзым етер таулар мен шоқыларым.
Бабаларым өзіңмен бірге оянсын,
Бір аунашы, жібсісін топырағың.

Елеңдейміз естіліп тұрса бір ән,
Еліктейміз бойға жыр тұнса бұла.
Әлі күнге өзіндей дауыл ақын
Кең даланың бітпеді құрсағына.

Х. 2018

Көктемім

Сен қуансаң ататындай таң күліп,
Сұлулықпен сыңар едің мәңгілік.
Алыс болып кеткенменен арамыз,
Есімің тұр жүрегімде жаңғырып.

Ақ дидарлы айым едің көктегі,
Сенсіз күндер сабылтады көп мені.
Жанарыңа бір қарауды аңсадым,
Балдан тәттім, бір күн келіп өп мені.

Сағынышым, гүлім едің қырдағы,
Сағынышым, сырым едің жырдағы.
Әсем бейнең ойымнан бір кетпейтін
Ұйқымның да тыныштығын ұрлады.

Ертелі-кеш елес болып өткенім,
Өңімде де бір тыныштық жоқ менің.
Ақ бұлттардың арасынан көктегі,
Маған қарап күлімдеші, көктемім.

Х. 2018

Досым

Табылмай қойды ғой тәуірлеу қаламсап,
Жынданып кетем бе бір күні оны аңсап?
Жыр болып кетерміз екеуміз,
қазіргі даланың кейпіндей қағазға орансақ, досым.

Неліктен біздерді қалаған, жәй біреу секілді жаратпай?
Біз қашан жүреміз бетінде бір дақ жоқ парақтай?
Бұл түннің тарихын дауылмен жазсақ ше сәлден соң?
Өзінен көрер де, тұрған соң таң атпай, досым.

Ояншы, мен саған сыр айтып жатырмын,
Соған да көмегі керек пе сана мен ақылдың?
Қалайша сен мені тағы да,
Осынау түнектің түбіне жалғыз-ақ батырдың, досым?

Тек саған аян ғой менің мұң, шер, сырым,
Сен бе едің тірегім болатын алдымнан қайғылы келсе күн?
Тәңірім біздерге тағдырды түсінер тым жақсы берсе ұғым,
досым!

Қуанар едім ғой болжамы байқамай дәл келген бақсыдай,
Туар еді күлімдеп оңымнан әлпеті ақ-сұр ай.
Далада ақ түтек,
Жатырмыз пәтерде, ішетін шарап жоқ,
Осының жақсы ма ай, досым?

XI. 2018

Белгісіздік

Маған неге әлемнің мұңы құштар?
Ғаламның сырға толы түні құштар.
Ес жиюға келтірмей, көңілімді
Сандалтады белгісіз бұрылыстар.

Сездің бе сен жүректің бұлқынысын?
Ол құрғыр да тулайды бір сыр үшін.
Естідің бе егілген бұлттың үнін?
Алты қабат аспанның күрсінісін?

Өз көзіңмен көрдің бе тау жүрегін?
Ұстадың ба қайыңның сау білегін?
Гүл жылайды, сүрттің бе жеңге жасын?
Осыны ойлап ақылым ауды менің.

Ойлады оны келіншек күбі піскен,
Арбады оның ойларын ібілістер.
Айқын бізге тек қана ми пішіні,
Түсінбейміз, не болды кідірісте?

Кідірістер – бақыттар қор қылмаған,
Белгісіздік – уақыттар қол бұлғаған.
Бейтаныс бір жандарға түсініксіз
Бар тіршілік – түсінік сол бір ғана.

XII. 2018

Оныншы ғаламшар

Сезімім жалт еткенде,
Сері едім қырды асатын.
Көңілде бір ару бар,
Шолпанмен сырласатын.

Көздерге шалынбайтын,
Іздейтін қарап бәрі.
Жанары түннің түсі,
Марстан далаптары.

Ақ бұлтпен бояғандай,
Сымбатты тұла бойын.
Бір сәтке елестетсем,
Елеңдеп тұрады ойым.

Есепсіз метеоридтер,
Өзара ұрынбайтын,
Сол жанның көңілі үшін
Бар жұлдыз жымыңдайтын.

Берілсең, бой бермейтін,
Дүние күйік екен.
Құдай-ай, мына менің,
Арманым биік екен.

Дидары ай мен күннің
Көрінген келбетінен.
Оныншы ғаламшарды
Іздедім жер бетінен.

I. 2019

Ауыл дастан

Естіртпейтін ыдыс-аяқ сықырын,
Таусылмайтын тәубесі мен шүкірі,
Анам жаққан қара пештің енетін
Ақ бұлттардың құшағына түтіні.

Әкеміздің мал айдайтын таяғы
Орынында тұрған шығар баяғы.
Қар жауды ма?
Сиырларды жиып кеп,
Шашу керек күзде жиған паяны.

Көптеу болған аларынан берері,
Артында көп қалған жақсы дерегі.
Айтқандарын жасау керек атамның,
Қариялар қазына ғой себебі.

Қызы – ары, мәңгі өшпестей шырағы,
Ұл өсірген қыран құстай қырағы.
Өз көзіммен көре алмаған бейнесін,
Әжеміздің жарық шығар тұрағы.

Сағым енді уайымсыз бала күн,
Кейбіреумен ұзақ болды ара тым.
О дүниеге озбаса екен ешбір жан,
Тағы бір рет дидарласып қалатын.

Керек етпес қызметін елшінің,
Ерек білер басты байлық – төл сырын.
Ақ батасы дайын тұрар төгіліп,
Аман ба екен кемпір-шалы көршінің?

Мына әлемде амандықсыз тәуір кім?
Ену керек құшағына бауырдың.
Деп отырып, дүрсілімен жүректің
Бір жыр жаздым құрметіне ауылдың.

Сол ауылдың сары майын жеп өскем,
Кештерін де сағынамын жел ескен.
Ақ сәлеммен барам ертең, бұйырса,
Асып өтіп жусан басқан белестен.

Жанып тұр ғой пешенемде бақ сірә,
Әлбетте, мен бармақ емен тақ сұрап.
Қой кезегі болса екен ат мініп,
Ой кезетін кең далада жақсылап.

Еленбесе қоржынына қосқаным,
Табылады арқа қағып, қоштарым.
Күнде ысқырып дарбазаның сыртынан,
Күтіп жүрген шығар менің достарым.

Жайып тастап қою қара бұрымды,
Менсінбейтін қара торы түрімді.
Әдемі боп кетті ме екен, шіркін-ай,
Қара көзді қарындастар бұрынғы.

Ұстаздарым көтеретін әзілді,
Олар үшін тер төгуге әзірмін.
Бойға білім нәрін құйған мектептің,
Хәл-жағдайы қандай екен қазіргі?

Селт етпейтін инесіне сонаның,
Тай тәуір ме, ертең дүлдүл боларым.
Інім отын жарып па екен жетерлік?
Бүтін бе екен айналасы қораның?

Білеміз ғой бүлдіршіннің өсерін,
Өмір жолы ернеуінде кесенің.
Доп қуатын бала-шаға есейіп,
Шаңы шықпай қалмаса екен көшенің.

Аға қалай шешіп берген сағатын,
Іні қалай көзінде от жанатын?
Тағдыр – айна жылтырайды сымдардай,
Ағаш шана табанына қағатын.

Бірін бірі алмаса да түсіне,
Бір бірінің енетұғын түсіне.
Сыныптастар келген шығар ауылға,
Сағынышын жасыра алмай ішіне.

Бүйіріне келе қоймас бөтеннің,
Көңіліне ұнар кейбір көкемнің,
Саудагері, несібесі жақсы ма?
Арақ-шарап таусылмайтын дүкеннің.

Атажұртқа асыл сыйлық берейін,
Марқайтайын өсіріп ел мерейін.
Жаза берсем жауназын ғой барлығы,
Жә, одан да өз көзіммен көрейін.

Тұлпар шапса қысатұғын тақымын,
Ел мен ерде болмайды екен сатылым.
Тағдырына тағы болу бұйырған,
Туған елім, тағзым етті ақының.

I. 2019

Мұнды сұлу

Сезімді сеніміңе жүк қылып,
Сенімді сезіміңе жықтырып,
Сен де келдің әлеміне азаптың,
Төзу керек мұнда мұңға тік тұрып.

Сене берме сөздеріне бақсының,
Тамырыңнан таба алмайды бақ сырын.
Хош келдіңіз, ғаламына ғажаптың,
Бір бұрышта күткен шығар тақсырың.

Білмейтіндей қай бағытқа ұшарын,
Сыңары жоқ аққу ма едің, құсалым?
Сынағына сына берме, тағдырың
Бір күні ашар гүлге толы құшағын.

Көзі мөлдір жасқа толы ботам-ай,
Сендей сұлу жан бар ма екен, о, тоба-ай?
Ұлықпан боп туылмадым, әйтпесе,
Жан жараңды жазар ма едім оп-оңай.

I. 2019

Мейірім мекені

Ақпейіл бір бауырға бару үшін,
Ауылға жыр тұмарын тағу үшін,
Ақ түтекте сықырлап жолға шықтым,
Ауырсам, ауыл менің – дәруішім.

Біздің бала дейтұғын бір ел үшін,
Достан мәшһүр жасаған жыр ер үшін,
Сапар шектім жанымды садаға етіп,
Кұласам, сол дос менің – тіреуішім.

Жасырынбас жалғаннан қайыр үшін,
Сұғылмаған көдеге айыр үшін,
Сарышұнақ аязда сілкіндім мен,
Ұғар дедім ұлылық шайыр ісін.

Өнегенің өрнегін көру үшін,
Тағылымның таспасын өру үшін,
Ақой бардым, оқыған әдебиеттің,
Прототип, авторын көру үшін.

Жасындайын жастықтың алауы үшін,
Қазынасын бір қарттың қанау үшін,
Абаданның ауылына асықтым-ай,
Дүниеге тосыннан қарау үшін.

Сыйапатты маржандай тос ұлдан ел,
Жаныма тура мендей қосылған ер.
Тас қалада басыңды қатырған дос,
Мейірімге шөлдесең осында кел.

II. 2019

Нала

Кезіксем саған қуанам,
Туғандай айым оңынан.
Артынан күлкім тыйылып,
Сұрықсыз күйге шомылам.

Айтайын десем бірер сөз,
Уақыт жоқ әркез, білемін.
Не деген сорлы тағдырым?
Орындалмайтын тілегім.

Сезбедің жетім сезімді,
Сөзіме мүлдем сенбедің.
Айып жоқ сенде алайда,
Өзімнен, бақсыз пенде едім.

Жандарға кейбір қызығам,
Қызғанам тіпті ғұмырын.
Алты қыр асып кетемін,
Естімеу үшін күбірін.

Жанымды мүжіп ғашықтық,
Санаға семсер сұғады.
Жалғыздық қана жаралы
жүректі аздап ұғады.

Шарасыз қалған кезімде:
– Серігім енді – жыр, - деймін.
Муза да теріс айналса,
Не болатынын білмеймін.

II. 2019

Мен сені әкеткім келеді

Мен сені өзіммен әкеткім келеді,
Сағынышымның айнасы.
Сабылып жүріп, өзіңе асыққан,
Сәттерім кетті қайда осы?
Сен маған оңай келмейтіндіктен,
Сенбейтіндіктен, жөңкіп барады,
Өзіңе қарай жай көші.

Мен сені алысқа әкеткім келеді,
Аяқ баспаған аралға.
Осындай арман өршіп барады,
Махаббат толы санамда.
Сан сұрақ мидың мазасын алып,
Сары уайымға салына беріп,
Сыймай қалам ба ғаламға?

Мен сені далаға әкеткім келеді,
Іңкәрлік толған бұрынғы.
Ерітіп жанды, жарып кетердей,
Жусанның иісі мұрынды.
Ақтарылуға ынтығып тұрмын,
Айқайлап айтсам өзіңнен басқа
Естімес бір жан сырымды.

Мен сені қырларға әкеткім келеді,
Айдаған қозы ысқырып.
Кеудемді керіп тұра қалатын,
Соқса да қарсы үскірік.
Тергім келеді қызғалдақтарын,
Ұнатқанымды сенің толқыған
Қолаң шашыңа қыстырып.

Мен сені ауылға әкеткім келеді,
Сарыала сиыр сауып көр.
Анамдай менің қаймақ жегізген,
Уыз жүзіңді жауып тер.
Сыпырып жүріп ауланың ішін,
Өзіміз әркез бірге болатын
Бақытты ғұмыр тауып бер.

II. 2019

Қарағанды

Тәңір маған сыйға тартқан жаңа орта –
Тұмар етіп тағып алған қара алқа.
Мұнарадан шыққан түтін жайылған
Сайын далаң жырым еді, Сарыарқа.

Бой түзеген Шет даласы сақ қарап,
Көмекейі тілеп кеткен бақ, талап.
Жаңаарқаның қымызына асығам,
Жанартаудай бұрқанғанда ақ парақ.

Қарқаралы жатыр ұлын сағынып,
Ақтоғайым – туған мекен ақ үміт.
Қарағанды – қариясы шаһардың
Шартараптан шайыр келген ағылып.

Қыран құсың түлкі-қарсақ сойды да,
Қатқан қара қанды бөктің қойныңа.
Егілгенде емешегің езіліп,
Елге берген ақ сүтің бе ой мына?

Көрмесе де күннің әсем шаттығын,
Жер астында нәпақасын тапты ұлың.
Көз жасындай аямады өзіңнен,
Көңілі кең көк аспан да ақ нұрын.

Сыр ұғамын сұр жүзіңе қарасам,
Тіршілігің атқан таңмен таласар.
Қарағанның тамырына байланған,
Қасиетіңнен айналайын, қара шал!

Жазатайым жалмаса да жалғанды от,
Бұл шаһарда ақиқатшыл талғам көп.
Қара өлеңнің қағбасында жыр жазған
Мына біздей ақындарда арман жоқ.

II. 2019

Менің жаным өзінді тағы аңсады

Бұлтты аспанның күркірі өктем бүгін,
Көп ұзамай құлпыртар көктем гүлін,
Тыным таппай тіршілік оятуда,
Ал, мен өлең жазбадым көптен, күнім.

Белгісіз, көңілі қалды қай ғаламнан,
Ақ ұлпадай қанаты қайғы оранған,
Адалдықтың аралын аңсап жүріп,
Жыр көгершін қалықтап айға қонған.

Ай жұлдызбен сырласар жымындаған,
Кезін айтып күн сері қырындаған.
Құс жолының ырғақты әуенімен,
Бастан-аяқ балқыды бүгін ғалам.

Нұрын шашса жақсылық жерге күнде,
Сыңар аққу сыңсыса көл бетінде,
Ізгі ниет, махаббат, сезім, көрік –
Барлығы да өзіңнің келбетінде.

Жоғалтқандай бір ақын қаламсабын,
Менің жаным өзінді тағы аңсады.
Табысуға мүмкіндік берер ме екен?
Біздер жүрген сұлулық ғаламшары.

IV. 2019

Бақытың өзге

Сағынышыңды жасырма, жаным,
Жасырма, күнім, сырыңды.
Алауың әлі басылмағанын
Жүрегім тағы ұғынды.

Сүйетініңді сеземін, гүлім,
Сеземін жырым емдемес.
Түнек құшағын кеземін бүгін,
Көңілім бірақ сенде емес.

Ұнатпа мені, жылама құлап,
Үзілген серттің тұмары.
Баріне жауап сұрама бірақ,
Әр күнім менің күнәлі.

Арада бары үміт – сұр өңі,
Естелік енді елес күн.
Өтінем сенен ұмытшы мені,
Мен саған лайық емеспін.

Сөзімді менің сыйға алма ілекер,
Көңіл күрмеуін ағытпа.
Күнәһарды ойлап, қиналма бекер,
Бақытың өзге бағытта.

IV. 2019

Сәкен орындығындағы ой

Оу, Сарыарқаның сырбазы,
Қадірінді керек пе көптен сұрап?
Таудай сенің басыңнан өткен сынақ.
Отан сүйген Өспеннің өр ұлы едің
Алып күндей халқына төккен шырақ.

Серісің бе, көкейге келмесе жыр,
Ақынның бір парағы – өлмес өмір.
Берідей берік болу тағдыр заңы,
Қалаған соң тұлғанды дербес өңір.

Күдіретін сезініп тәннен көктің,
Маубас рухын ояттың әнмен көптің.
Артындағы қауымның қамын жедің,
Азапты вагонында Анненковтың.

Ез жігіттің басында болғасын мұң,
Қапияда сатпайды жолдасын кім?
Қарашаның қамбасын толтырам деп,
Құрбанына айналдың қорғасынның.

Ел деп туған ерлердің күні қысқа,
Сұлулықпен енді кім сыр ұғыспақ?
Аспан жаққа қалықтап кете бардың,
Адалдық пен тектілік туын ұстап.

Тас мүсінің тұрады көшемде ерек,
Тас орындық сыйлайды осы елге леп.
Ар ісіне ақиқат жетіспей тұр,
Ал, қазаққа өзіндей көсем керек.

V. 2019

Жаңаарқа – жақұт мекен

Қазақтың қазыналы даласында –
Адалдық бар аяулы анасында,
Аталары баталы, қызы ибалы,
Мықтылық бар ел сүйген баласында,
Ерік берген бар жұрты жарасымға,
Аласын да сүйесің, қарасын да,
Жаңаарқа – жақұт мекен, жан қалауы,
Жыйылар тектілердің бәрі осында.

Алаштың Сәкен атты нарыменен,
Тауды ұйқыдан оятқан әніменен,
Ақселеудің маржан сөз – нәріменен,
Ғалымның өлең сүйген жаныменен,
Көктас пен Ақтастының айдынына
Мөлдірлік сыйлап атқан таңыменен,
Мақтанады бұл өлке Эверестен
Биік тұрған ардақты арыменен.
Елімнің әр бұрышы кие тұнған,
Не сұрайсың, оу досым, тағы менен?

Қай уақытта туған жерден безініпті ел?
Тал бесікке тәу етіп мезі қып па ер?
Күні-түні кезесің бұл өлкені,
Келеріңде біршама көз іліп кел.
Етін жеп,
Жаңарқада сапырылған
Сары қымыздың қуатын сезініп көр.

V. 2019

Күз келді

Күз келді құшақ жайып ақындарға,
Ақынға қайғы-мұңнан жақын бар ма?
Тал, гүлдің тонын шешіп, жерге жапқан,
Тағдырды ұнатпауға хақың бар ма?

Айнала алтын түске боялғанда,
Қара жауын ханшасы оянғанда,
Бақтағы орындықтың сызын сезіп,
Сырыңды ашып, батасың ой-арманға.

Оятар бұлттар жылап, нөсер сені,
Көңілден қуаныштың көшер селі.
Көктем мен жазда жанды жадыратқан,
Тойдырмас табиғаттың бос емшегі.

Шырқалады дауыспен бір ән қоңыр,
Бұрқанады, тулайды құнан көңіл,
Мен үшін бақыт осы мұңнан тапқан.
Ал саған ше, несімен ұнамды өмір?

Тірлігінің шимайы сөккен есін,
Мұң шағамыз езіліп көпке несін?
Біле тұра аңсаған тіршіліктің
Көктем келмей бәрібір көктемесін.

IX. 2019

Шабыт қайда?

Сағындым ғой, о, Муза,
Шабыт қайда?
Шарықтауға мүмкін бе?
Қамықпай да.
Бақытына ынтыққан батыл жүрек
Бал сезімге бөленген қалып қайда?

Кімді іздедім Тайгадан, жырақтардан,
Мүйістерден, бұғаздан, тұрақтардан?
Сүйіспеген ешкімнің құшағында
Ару қайда әуезі ұнап қалған?

Қайда бәрі?
Осындай сұраншақпын.
Толқынында тербелем қиял шақтың.
Күн батқанша аңсайтын ай сәулесін
Менің мәңгі сыңарым — ұялшақ түн.

Өмірімнің барлығы,
Сұрақ бәрі.
Тірлігімді өтеді сынап бәрі.
Мен үшін мұңаяды қарындасым
Жанарының мөлдірін бұлап тағы.

IX. 2019

Сүйдім

Өмірді сүйдім—сынағы неге қатал деп,
Өнерді сүйдім—өзгеден жүрек қатар деп,
Өлеңді сүйдім – тағдырдың ісін жыр етсем,
Талайдың таңы ұйқысыз жатып атар деп.

Қағазды сүйдім – ақ беті жолға толса деп,
Қаламды сүйдім – сиясы қаннан болса деп,
Ғаламды сүйдім ғажайыптары – жолсерік,
Адамды сүйдім – жақсыға бір бақ қонса деп.

Музаны сүйдім – оятып түнде келсе деп,
Пендені сүйдім – пейішке жаны енсе деп,
Тірлікті сүйдім – бес күндік тағдыр тірегі,
Тіледім көптеу, кім көріп оны өлшемек?

Төзімді сүйдім – шайтанның кейпін таныдым,
Ол мені сүйді, жүрмеді ау әсте әмірім.
Жыладым дағы, бас ұрдым саған, себебі,
Әлемнің жалғыз иесі сенсің, Тәңірім.

X. 2019

Ұнаттым

Ұнаттым!

Көркемсің, еш пенде иіскеп көрмеген гүліндей жұмақтың.
Жаныңмен мөп-мөлдір суындай қайнарлы бұлақтың
Еріттің кеудені тоңдырған жүректің көк мұзын.
Арманым алшақта жүрсің ау дәл қазір бірақ, тым.

Аспанға көз салсам айлы кеш, жұлдызбен жазылып тұрды атың,
Жанарды арбайды, сұңғыла бойыңа жараса қалған гүл сымбатың.
Қолымда болса егер, тек сенің көңіліңнің күйі үшін сыйлар ем,
Жердегі бар байлық жетпейтін ғаламның қымбатын.

Өзіңе арналып жатса да композиторлардың бар әні,
Ақындар жыр арнап, таусылсын жүз-мыңдап қаламы,
Бәрібір мен сені қимаймын ешкімге, жанымның қалауы.
Алайда, алқынған жүрегім жаралы.

Х. 2019

Еркіндік жолы

Өткенді ойлап,
Жамау-жамау жүрегім қан жылады,
Шырқалғанда азапты тағдыр әні.
Азаттықты аңсаған асылдардың
Аза тұтып тұр әлі қанды бағы.

Құм сепкендей сөндіріп от кеудесін,
Тоз-тоз болып бір кездер кеткен көшім.
Қанша сәби құрсақта өлім құшты,
Шеше алмай жаны қастың бетпердесін.

Көрген қазақ сан қилы қасіретті,
Жас өркенді сұм жылдар жасық етті,
Өр кеудеге шаншылған найза ұшында
Ел қорғаған ерлердің басы кетті.

Қапияда айырылған тұнығынан,
Өр адамның болғандай мұңы бір ән,
Алаш жетім ботадай боздап шықты,
Қол жасаған жоқшылық құрығынан.

Күн, ай демей бір белгі алса жаудан,
Отан үшін аттандап аңсары ауған,
Батыр ұл-қыз бақилық болып кеткен
Оққа тосып денесін қарша жауған.

Бақ санамай өзгенің басынғанын,
Бар әлемді сілкінткен ғасырдағы үн,
Мұз үстіне мәгілік алау жаққан
Жер бетіне сыймады жасындарым.

Міне осылай елдікке жеткен қазақ,
Хақ жолында қан мен тер төккен қазақ,
Тәуелсіз елде туған замандастар,
Біз өмір сүрген дәуір неткен ғажап?!

XII. 2019

Шымкент

Көрікті кейпің ұнайды маған,
Құшағы байтақ шырайлы қалам.
Қалайша жырым төгілмес сен деп,
Суреттегенде күн, айды қалам.

Сені аңсағанда сөзім де бөлек,
Жіберер рахат сезімге бөлеп.
Ынтығып тұрмын, шынжыр тұсауды
Салармын енді төзімге не деп?

Желегің жасыл, бақтарың әсем,
Куәсің балғын шақтарыма сен.
Жырақта жүрген жетімдей жаным
Өзіңнен басқа таппады рас ем.

Бойымен Ұлы керуен де көшкен,
Көшелеріңде серуендеп өскем.
Шымкентім менің, жұмақтай жерің
Көнер ем сен деп шерменде кетсем.

Кеуденді кеңге жатасың керіп,
Жастарың өскен атасын көріп,
Бас сұққан жанға тұрғандай әркез
Бәйдібек бабам батасын беріп.

Көтерем берсең қайғыңды маған,
Аңқыған жусан айбынды далам,
Мыңжылдықтардың куәсі болған
Қасиет тұнған қайырымды қалам.

XII. 2019

Егер

Мен саған барған күні
сен маған қарай келсең,
Жауқазын жанарыңнан
мөп-мөлдір арай көрсем.

Мен сені көрген күні
жылытсам құшағыммен,
сейілер тағдыр мұңы
мендегі күш ағынмен.

Мен сені құшқан күні
құмартып иіскесем.
Маңдайдан басқа жерге
ерінмен тиіспес ем.

Мен сені сүйген күні
шашыңды аймаласам.
Сен маған серік болсаң
мен сенен қайда қашам?

I. 2020

Көктем келді, сен жоқсың

Көктем келді, сен жоқсың,
Алданды ма ақ үміт?
Арманыңды аңсаған,
Уа, жүрегім, тағы күт.

Жылы өлкені бетке ала,
Құстар қайтар ағылып.
Ал, сен, қырда жүрмісің?
Гүл алқанды тағынып.

Тағдырымның беймәлім.
Атар тағы ақ таңы.
Әсем әнмен оятқан.
Бұлбұлмысың бақтағы?

Хош иісін жолдарға,
Шашып кеткен сенбісің?
Жаралы бұл жаныма.
Табылмаған ембісің?

Елес сынды түсіме
Енді қашан енбексің?
Табиғат та оянып,
Көктем келді,
Сен жоқсың.

III. 2020

Кешірім

Жанымнан кетпедің жырақ,
Сен бе едің мөп-мөлдір бұлақ?
Сен едің күдірет шексіз,
Ұмыттым кейде оны бірақ.

Ұлылық тән ұғым ба еді?
Бар ғұмыр әмірінде еді.
Есімнен шығарып алсам,
Кеше көр, Тәңірім, мені.

Біреуді сынағаным үшін,
Сынақта құлағаным үшін,
Себепсіз жылағаным үшін,
Мыңдаған күнеларым үшін,

Жақсыны жылатқаным үшін,
Жаманды ұнатқаным үшін,
Сезімді сұлатқаным үшін,
Сандырақ сұрақтарым үшін,

Көп нәрсе білмегенім үшін,
Сенімге кірмегенім үшін,
Жынданып, тілдегенім үшін,
Күлімдеп жүрмегенім үшін,

Бос сөзді жаттағаным үшін,
Басқаны даттағаным үшін,
Ар жібін аттағаным үшін,
Адал дос таппағаным үшін,

Тәубесіз тойлағаным үшін,
Тереңге бойлағаным үшін,
Теріс іс ойлағаным үшін,
– Қой!, - десе, қоймағаным үшін,

Кешір мені, Тәңірім.

IV. 2020

Құбылыс

Сәуір.
Дала.
Қар жауды.
Жастар күліп тұр анау,
Түсіп жатыр суретке,
Ал, табиғат жылады ау.

Бір ай бұрын Жаратқан,
Қойған күнді ысытып.
Бүгін міне бұлданды,
Ағаш жанын үсітіп.

Күлтесі әсем гүлдердің,
Кете барды үзіле.
Өзіміз ғой түкірген,
Жер ананың жүзіне.

Сәуір.
Дала.
Қар жауды.
Бала мен ит құтырып.
Табиғаттың құшағын
Жылытайық үпіріп.

IV. 2020

Әл-Фараби бабама

Уа, әзиз данам,
Данышпан бабам,
Таулардан биік алыбым!
Беймәлім еді бұл ғалам маған
Хатыңнан сенің таныдым.

Фарабта туып,
Ғылымды қуып,
Аз ба еді асқан белесің.
Тіл білген өзің жетпіске жуық,
Тізгіндеп ілім кемесін.

Әлемді кездің,
Наданнан бездің,
Жаратқан жалғыз панаң боп.
Киесі қандай сен кешкен кездің?
Жалмады бүгін даламды от.

Зәу көкке қондың,
Асылы болдың,
Адамның жоққа бейімді.
Шәкірттің алғыр шырағы болдың
Аристотелден кейінгі.

Маржанға балап,
Алыстан қарап,
Өзіңді өзгеге қимадым.
Таусылды қалам, толды мың парақ,
Абай да, сен де сыймадың.

Бір өкініш бар,
Ұлы өкініш бар,
Төсеген төрге көрпесін.
Шығыстан соққан жел өті құштар,
Екеуміз туған өлке үшін:

Жазылмас жара,
Жамылып қара,
Жар да бір кездер сұлады ау.
Сен айтып кеткен қайырымды қала,
Төмпешік болып тұр анау.

Нәріңді жұтып,
Осынша күтіп,
Бір өлең арнау аз маған.
Шам шаһарында дәм-тұзы бітіп,
Жалғызсыраған әз бабам.

IV. 2020

Ауылға барсам тағы да

Сағым да, сағым, сағым бел,
Сары дала, сені сағынды ер.
Аңсадым, алтын бесігім,
Алаңсыз, аңғал шағым, кел.

Бұлқынды жүрек тағы да,
Не жазған екен бағыма?
Еркіндік берші, ей, өмір,
Аунайын ауыл шаңына.

Қол беріп үлкен, жасына,
Табыссам елмен тасына.
Зиярат етіп барамын,
Арыстан бабтың басына.

Тыраймын бетін жараның.
Бар ма еді басқа амалым?
Үстіне шығып, ой кешем,
Шыңғыс хан көмген қаланың.

Қанып бір құстың шуына,
Барсам ғой елдің нуына.
Шомылып алсам, шіркін-ай!
Арыс пен Сырдың суына.

Өзінен сөзі салмақты,
Ағаға еріп ардақты.
Жағада балық ауласам,
Дарияға салып қармақты.

Қайықпен жүзсем көлінде,
Тектімен жүрсем төрінде,
Батасын берсе ақжарма,
Қимайтын жандар өлімге.

Жүректе жалын оты бар,
Арында адал соты бар,
Адамдар өскен ауылым,
Ұлылар туған – Отырар.

Сарылам дағы сағынам,
Куәсің бала шағыма,
Қалаға қайтқым келмейді,
Ауылға барсам тағы да.

V. 2020

Жалғыз ару жетеді

Жүректің емі кім екен дедім,
Жалыным сөнген күн өтер дедім.
Жалғаннан мынау жалығып кетсем,
Жабырқау жанды күл етер ме едім?

Жымиған қызды сүйіп те көрдім,
Жыласа, бірге күйіп те келдім.
Жақсының сөзін елемей кетіп,
Жаманға басты иіп те көрдім.

Жындының ісін істеп те келдім,
Жанартау кеуде – күштеп те көрдім.
Жақпады ау бірақ тән құмар дүние,
Жайыма қайта түспекке келдім.

Жарылса, жыр боп, кетеді жарам.
Жігітті ез қып не етеді ғалам?
Жылуын шашып, жанымда болса,
Жалғыз-ақ ару жетеді маған.

VIII. 2020

Суық сезім

Білем, білем,
Білемін, жаным бәрін.
Сенсіз тыным таппады жаным да, арым.
Мына күз де қатігез,
Ал, көктемнің
шырқалушы еді тамаша таңында әнім.

Бұл сезімнен суықты сездім бөтен.
Бірақ, бізді айырған мезгіл ме екен?
Сан алапат дауылға қарсы тұрар,
Қайда екен махаббатқа кез бір бекем?

Көл мен шөлдей болды ма талғамымыз?
Жүрегімнен жалынды жалмады күз.
Жапырақтай табанға тапталды ма?
Алтындай сақтап жүрген арманымыз.

Х. 2020

Түркістан

Шеп құраса, «Әруақ!» деп ұрандаған
Тектілердің бесігі – Тұран далам.
Тарихыңа тереңдеп, тәу етеді,
Түлеп ұшқан ұяңнан қыран балаң.

Шартарапқа нұр, мейір төккен елім,
Ел деп қаны төгілген өпкен ерін.
Қасиетіңе бас иіп қойған бәрі!
Мақтанғым-ақ келеді көпке менің...

Өлім құшып сұм дұшпан құмырсқадай,
Өткен өктем төсінде ұрыс талай.
Өр қазақтың қастерлі, құт мекені,
Сен дегенде қаламын тыныш қалай?

Бақыт тапқан бұл елден ұлтан да, күң.
Құрмет тұтпас Тұранды бұл таңда кім?
Құшағыңда рух беріп жатыр, білем,
Ғұлама, хан, батыр, би, сұлтандарым!

Жерінде ырыс жайлаған, тағында құт,
Бұл өкенің қадамы әр шағында нық.
Жау қолында кеткенді түгендедім,
Демеуімен бабтардың бағым жанып.

Тербер жанды жабыққан кені бөлеп –
Құл Қожа Ахмет өзгеден жөні бөлек.
Есті пенде екінші Мекке санап,
Тәңірімен тілдескен төріне кеп.

Ұл мен қызы болмаған басқаға құл,
Көне Йасы емес қой тас қала құр.
Топырағы киелі күнгеі өлкем
Бар туысқа рухани астана бұл.

Топты жарып шығатын дара шыңға,
Талант тұнып тұратын баласында
Түркістанды мәңгілік тербетіп тұр
Шәмші айтқан ән Арыстың жағасында.

Өткен күннің кеткенмен қанда кегі,
Жақсылықтың еседі әр таңда лебі.
Бүгін Тұран бірліктің Отанындай!
Бұл – бабамның аңсаған арманы еді.

Өткергендей ер жігіт бала күнін,
Танымастай түрленген қала бүгін.
Мыңжылдықтар куәсі көне шаһар
Түркістаным – тарихтан тәбәрігім!

III. 2021

Қара қазан астындағы сұлтан

Қуатына жетпейтін еш құрылғы,
Күдіретпен жазатын әр ғұмырды,
Сегіз ғасыр ілгеріде осыдан,
Қара қазан сақтап қалған бір ұлды.

Естілгенде жар астынан сорақы үн,
Талай пенде аспандатқан өр атын,
Бұл оқиға орын алған жазира –
Даңқты Дешті-Қыпшақ жері болатын.

Сол бейбақтың киген құлдық қамытын,
Өзге жұрттан биік болып ары тым,
Сан сүрлеуден өтіп сұлтан атанды,
Орындалмай қоймайды ғой әр үкім.

Елді аңсатып бөгде мекен, жат таулар,
Туған жердің иісінен татты ау нәр.
Қара қазан сақтап қалған қара нар
Бейбарысқа болсын сансыз мақтаулар.

Уа, Бейбарыс!
Жарты әлемді билеген!
Нөпір жауын найзасымен түйреген.
Ең бақытты бахадүрсің, себебі,
Құдай құлын сынамайды сүймеген.

Уа, Бейбарыс!
Иман жуған жүрегін.
Үмметтен ең үзбейтұғын күдерін...
Жер бетіне жайылса да мың сенім,
Бір Алла еді, сыйынарың, тірегің.

Уа, Бейбарыс!
Ғалам үшін ерлеген.
Адам түгілі, нәпсісі де жеңбеген.
Сорлыларды өзін "құдай" санайтын,
Сауытына топырақсыз жерлеген.

Уа, Бейбарыс!
Жер бар ма сен баспаған?
Бағынбаған белес бар ма, аспаған?
Ұлы істерге қорған болдың, сұлтаным,
Адамзаттың ардақтысы бастаған.

Уа, Бейбарыс!
Жібiткенде тәндi иман.
Сен деп жаздық жырды, айтылды сан-қилы ән.
Барған жерің жәннат болар, ер едің,
Мұхаммедтің (с.ғ.у) сардарындай жан қиған.

III. 2023

Менен ақын шықпайды екен

Менен ақын шықпайды екен, Тәңірім,
Ұғынғанмен қара сөздің қадірін.
Ел сүйсінер жырым да жоқ, Жаратқан,
Мүмкін, солай болған шығар әмірің.

– Кімге ұнайды күйіп жазған өлеңің?, - дейді жүрек.
Пешенемнен көремін.
Бұл да өзің сыйға тартқан тағдыр ғой.
Саған алғыс, сан нығметке бөледің.

Дейді біреу: «Зор еді ғой қарымың,
Тоқтамағын, сұралады дарының».
Бірақ, әркім өз шындығын біледі,
Ал ақиқат талданбайды, Алыбым.

Көрінбей ме жеткен жерім өремнен?
Құдай жазса, үндемей-ақ өлем мен.
Ақындардың қайтем басын ауыртып?
Тақпаққа да татымайтын өлеңмен.

Бір шумаққа жетер-жетпес білгенім,
Ең сорақы қателегім бұл менің.
Поэзия, айыптымын алдыңда,
Ағаттық қой көлеңкенде жүргенім.

Деміккенде күш беретін сөзімен,
Айтшы, ағау, маған қалай төзіп ең?
Уа, адамдар, кешіріңдер соңғы рет,
Мен байғұсты жас шықпайтын көзінен.

Ақын емен, ұнамайды бұл атым,
Құдіреттім, шексіз еді қуатың,
Маған тек бір қалам және қағаз бер,
Ауық-ауық шер тарқатып тұратын.

Естелік

Кей кештерде жүрекке
Муза келіп түнеген.
Қозғай бердім миымды,
- Жазасың, - деп бір өлең.

Шимайладым қағазды,
Сермей бердім қаламды.
Үңілдім көп тылсымға,
Сілкінтсе деп санамды.

Талантыма сүйсіндім,
Кейде толмай көңілім.
Қара өлеңге байланған
Ей, мазасыз өмірім!

Қайсар мінез қасқырдай
Жалап жазған жарасын,
Ұлисың да тұрасың.
Қашан тыным табасың?

...Жә-жә, көңлім, бұлданба,
Өлең - өмір жабдығы.
Жазу-сызу дегеннің
Естелік қой барлығы.

Жан жарым

Әркез менің ұғынатын күйімді,
Барлық жерде арттыратын сыйымды.
Асыл жарым, өміріме еніп кеп,
Махаббатпен нұрландырған үйімді.

Назданасың, еркелейсің, сүйесің,
Кей ісіме жынданасың, күйесің.
Бұған дейін өзіме өзім би болсам,
Енді сен де жүрегіме иесің.

Сен жердегі баға жетпес сезімсің,
Ісің ізгі, айтқан әрбір сөзің шын.
Бар әлемге жан бітірген Жаратқан
Жар қып қосқан аманатым өзіңсің.

Екеумізде ортақ мақсат, сан арман,
Бізді күтер талай бақыт бар алдан.
Алла жазса, саналы ұрпақ сүйеміз,
Сенің жұмақ жатырыңнан жаралған.

Көңіл түссе сынақтарға соғылып,
Сөйлесейік сырларымыз сөгіліп.
Қол ұстасып күн кешейік, саусақтан
Өткен-кеткен айыбымыз төгіліп.

Өміріме серік болған бар бағым,
Сейілтейін, жанарыңда бар ма мұң?
Ғаламшарда өзіндей бір ару жоқ,
Сені ұнатқан қандай ғажап талғамым!

Күңіренсең, күллі әлемді күз еттім,
Күні-түні ай мен күннен күзеттім.
Тұла бойың тұнып тұрған мөлдір су,
Тура менің анамдайсың, ізеттім.

Түсінемін, болса маған шағымың,
Жұбатамын, жетпей жатса сабырың.
Ең бастысы – екеумізге өшпейтін
Сезім берсін, жылу төксін Тәңірім!

Мен өзіңді қаншама жыл күткесін,
Қойғым келмес бұл өлеңнің нүктесін.
Тартылса да теңіздердің айдыны,
Біз айтатын әңгімелер бітпесін.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ КАРАОКЕ ӘНДЕРІ

Жау жаңбыр

Сөзі: Бауыржан Ерман

Әні: Думан Байтлеуов

Орындаушы: Айли Бестерекова

1. Асыр салып ойнаймыз,
Қызыққа бір тоймаймыз.
Нәсер төгіп тұрса да,
Шаттанамыз, тойлаймыз.

Қайырма:

Жау-жау жаңбыр, жау жаңбыр!
Бұлт келеді таудан бір.
Қауыз жарсын тағы да,
Суға шөлдеп қалған гүл.

2. Ақша бұлттар көрінсе,
Қырға гүлдер егілсе,
Көтерілер көңліміз,
Кемпірқосақ керілсе.

Қайырма:

Жау-жау жаңбыр, жау жаңбыр!
Бұлт келеді таудан бір.
Қауыз жарсын тағы да
Суға шөлдеп қалған гүл.

Тәрбие туралы жыр

Сөзі: Бауыржан Ерман

Әні: Думан Байтлеуов

Орындаушы: Айли Бестерекова

1. Әрбір бала ұғынса тәрбиенің мәнін,
Бойға сіңген ақыл-ой бақытты етер бәрін.
Азамат боп өскенде түсінеміз біздер,
Ата-ананың әр айтқан сөздерінің мәнін.

Қайырма:

Бар байлығым – тәрбие,
Нар байлығым – тәрбие,
Тәрбиемен сіңеді,
Бойға біткен әр кие.

2. Тәрбиемен толысар ақыл, ой мен сана,
Тәртіп болса, болмайды тірлігіміз шала.
Үлкендердің айтқанын тыңдау керек достар,
Сонда ғана боламыз біз сүйкімді бала.

Қайырма:

Бар байлығым тәрбие,
Нар байлығым тәрбие,
Тәрбиемен сіңеді,
Бойға біткен әр кие.

Ардақты әке

Сөзі: Бауыржан Ерман

Әні: Думан Байтлеуов

Орындаушы: Азизхан Сабитов

1. Бар ақылын аямай,
Алақанда аялай,
Асыл жанды әкемдей,
Қайдан ғана табам ай?

Қайырма:

Асыл әкем байлығым,
Көрмеңізші қайғы-мұң,
Әжім басса жүзінді,
Нұрын төксін ай-күнім!

2.Қиындыққа қарамай,
Берген бәрін санамай,
Ардақты әке, арнайды,
Әсем әнін балаң ай.

Қайырма:

Асыл әкем байлығым,
Көрмеңізші қайғы-мұң,
Әжім басса жүзінді,
Нұрын төксін ай-күнім!

Ата

Сөзі: Бауыржан Ерман
Әні: Думан Байтлеуов
Орындаушы: Азизхан Сабитов

1. Мейірімін төгетін туылғаннан бізге,
Бір әулеттің қамы үшін еңбек еткен түзде.
Ақ сақалды ақылшы, алтыннан да қымбат,
Аталарым аман жүр, жете берші жүзге.

Қайырма:

Немереге ақылды,
Ата берер батасын.
Жүзі жарық әрқашан,
Кім сыйласа атасын.

2. Қариялар қазына бізге көңіл бөлген,
Қорғап жүрер әрдайым қауіптен де төнген.
Жан болыңыз бақытты, ауырмаңыз мүлдем,
Немеренің қызығын жүзге жетіп көрген.

Қайырма:

Немереге ақылды,
Ата берер батасын.
Жүзі жарық әрқашан,
Кім сыйласа атасын.

Жеті қазына

Сөзі: Бауыржан Ерман
Әні: Думан Байтлеуов
Орындаушы: Әлинұр Әмірәлі

1. Адам деген өз атқа,
Білім бақ боп тұратын.
Тап болмайды мазаққа,
Бала болса ұғатын.
Қазына бар қазақта
Жеті асылдан тұратын.

Қайырма:

Біріншісі Ер жігіт,
Ел мен жерін қорғайтын.
Сұлу әйел екінші,
Әсем гүлдей солмайтын.
Ілім - білім үшінші,
Білгенге артық болмайтын.
Төртіншісі Жүйрік ат,
Ер қанаты қолдайтын.
Қыран бүркіт бесінші,
Көк аспанда самғайтын.
Құмай тазы алтыншы,
Төрт аяғы талмайтын.
Берен мылтық жетінші,
Жеткен жерін жалмайтын.
Жаттап алар әр бала,
Қатарынан қалмайтын.

2. Ақылы мол достарым,
Білім біздің сәніміз.
Өнге қосыл әрдайым
Жадырасын жанымыз.
Қазынасын қазақтың
Жаттайық, кел, бәріміз!

Қайырма:

Біріншісі Ер жігіт,
Ел мен жерін қорғайтын.
Сұлу әйел екінші,

Әсем гүлдей солмайтын.
Ілім - білім үшінші,
Білгенге артық болмайтын.
Төртіншісі Жүйрік ат,
Ер қанаты қолдайтын.
Қыран бүркіт бесінші,
Көк аспанда самғайтын.
Құмай тазы алтыншы,
Төрт аяғы талмайтын.
Берен мылтық жетінші,
Жеткен жерін жалмайтын.
Жаттап алар әр бала,
Қатарынан қалмайтын.

Таза жүрейік

Сөзі: Бауыржан Ерман

Әні: Думан Байтлеуов

Орындаушы: Айли Бестерекова

1. Ән шырқайық достарым, жақындандар бері,
Бір сөз айтам мұқият тыңдаңдаршы мені.
Жуынуға күн сайын ерінбейік біздер,
Үсті таза баланың сау болады дені.

Қайырма:

Қане бірге санайық!

1, 2, 3, 4!

Орнымыздан тұрамыз,

Беті-қолды жуамыз,

Біз осылай зиянды

Вирустарды қуамыз!

2. Еріншектік жаман іс, ол әдетті таста,
Ата-аналар ескерткен жаман жерді баспа.
Бақытты өмір сүруді қаласаңдар, бәрің
Тап-таза боп жүруді дәл қазірден баста!

Қайырма:

Қане бірге санайық!

1, 2, 3, 4!

Орнымыздан тұрамыз,

Беті-қолды жуамыз,

Біз осылай зиянды

Вирустарды қуамыз!

Достық жыры

Сөзі: Бауыржан Ерман
Әні: Думан Байтлеуов
Орындаушы: Азизхан Сабитов

1.Қуанышты бөлісіп,
Қиындықта қолдайтын.
Әркез саған болысып,
Мүлдем қарсы болмайтын.
Әр адамға дос керек!

Қайырма:

Кел, балақай, балақай,
Дос боламыз алақай!
Әзілдейміз, күлеміз,
Біздер бірге жүреміз.
Әзілдейміз, күлеміз,
Бақытты өмір сүреміз.

2.Сынақтарға жолықсаң,
Көмектесіп жүретін.
Сөзің менен ісінді,
Түсінетін, білетін.
Әр адамға дос керек!

Қайырма:

Кел, балақай, балақай,
Дос боламыз алақай!
Әзілдейміз, күлеміз,
Біздер бірге жүреміз.
Әзілдейміз, күлеміз,
Бақытты өмір сүреміз.

Ноталар

Сөзі: Бауыржан Ерман

Әні: Ерлан Рахматуллаев

Орындаушылар: Айли Бестерекова, Әлинұр Өмірәлі

1. Біз тыңдайтын ән мен күй,
Ноталардан басталар.
Түсінбейді оларды,
Білімдіден басқалар.
Музыкалық білімнің,
Болсын десең тас қамал.
Бізбен бірге ән айтып,
Ноталарды жаттап ал.

Қайырма:

Шырқалады әніміз,
Қайталайық бәріміз.
До-ре-ми-фа-соль-ля-си-си-ля-соль-фа-ми-ре-до.

2. Өнерлі көп әлемде,
Талант бойдан табылар.
«Өнер алды қызыл тіл»,
Деген сөздің жаны бар.
Ән күйімен әр елдің,
Салтанаты, сәні бар.
Ал, ән-күйдің бастауы –
Ноталарды танып ал.

Қайырма:

Шырқалады әніміз,
Қайталайық бәріміз.
До-ре-ми-фа-соль-ля-си-си-ля-соль-фа-ми-ре-до.

Уақыттың қадірі

1. Жылулықты сезінетін күнің,
Жылы жерде көз ілетін түнің,
Уақыттан құралады, досым,
Айлар, жылдар, ертең, кеше, бүгін.

Қайырма:

Ойнағанда керек бізге уақыт,
Тойлағанда керек бізге уақыт,
Уақытыңды бағаласаң ғана,
Басыңа кеп қонады екен бақыт.

2. Сағатыңа қайта-қайта қарап,
Тырсылдаған әр қимылын санап,
Отырасың қызығына тоймай,
Бос уақытты пайдалы іске жарат.

Қайырма:

Ойнағанда керек бізге уақыт,
Тойлағанда керек бізге уақыт,
Уақытыңды бағаласаң ғана,
Басыңа кеп қонады екен бақыт.

Табиғатты аялайық

1. Табиғат – тіршіліктің нәрі,
Табиғат – өміріңнің мәні.
Табиғат – шексіз ғажап дүние,
Табиғат – тылсым екен әлі.

Қайырма:

Дүние қандай күшті еді?!
Табиғатсыз өмір жоқ.
Табиғаттың түстері –
Жасыл, қызыл, қоңыр, көк.

2. Табиғат – жер бетінің сәні,
Табиғат – ғаламшардың жаны.
Табиғат – тірегіміз біздің,
Не керек?
Табиғатта бәрі.

Қайырма:

Дүние қандай күшті еді?!
Табиғатсыз өмір жоқ.
Табиғаттың түстері –
Жасыл, қызыл, қоңыр, көк.

Билейік бәріміз

1. Білімді де ақылды,
Бала болсаң өнерлі.
Ел біледі атыңды,
Тәнті қылған соң елді.
Егер болсаң бос бәрің,
Жиналыңдар достарым!

Қайырма:

Шырқалады әніміз,
Кел, билейік бәріміз!
Көтерейік көңілді,
Жадырасын жанымыз.

2. Ән мен биді сүймеген,
Бола алмайды теңіміз.
Мықты болар билеген,
Сау болады деніміз.
Егер болсаң бос бәрің,
Жиналыңдар достарым!

Қайырма:

Шырқалады әніміз,
Кел, билейік бәріміз!
Көтерейік көңілді,
Жадырасын жанымыз.

МАЗМҰНЫ

Өмірбаян	3
Пікір	4
ӨЛЕҢ	
Анаға хат	7
Мариана – Эверест	8
Кінәлама	9
Мұқанов көшесі	10
Сезім ұшқыны	11
Замандастарға	12
Қазақ	13
Түсімдегі кейіпкер	14
Түйіспеген жанарлар	15
Ұлықтау	16
Жырауларша	17
Аспан	19
Бір тал	20
Жалғыздық. Жалбарыну	21
Тыныштық бөлмесі	22
Өкініп жүрме	23
Сағыныш	24
Менің ғасырым	25
Сүйемін	26
Махаббаттан шаршадым	27
Қолсағат	28
Үш жүрек	29
Кінәм ба екен жаралғаным ақын боп?	30
Қар қызы	31

Түн	32
Жұмбақ ару	33
Қашықтық	34
Сен аман бол	35
Тамшы	36
Не дер ең?	37
Ана	38
Маралым	39
Сезім	40
Қайтемін?	41
Жаным	43
Сауал	44
Күтпеген кездесу	45
Көктеммен – махаббат	46
Наурыз	47
Дарын	48
18	49
Адам. Тағдыр. Өлең. Өмір	50
Әдемім	51
Мен	52
Гүлім	53
Сүй	54
Сүйгенім бол	55
Хат	56
Сен менің	57
Тылсым	58
Күнім	59
Кездесу	60

Ешкімге тіл қатпа	61
Алтын бесік	62
Махаббат бағында	63
Жігіт	64
Биіктік	65
Тастұғырдағы ғұмыр	66
Сиқыр	67
Алас	68
Туған жер	69
Серт	70
Ғашықпын	71
Тағат та таппай кеттік тілдесуге	72
Қыңыр сұлу	73
Қаталдық	74
Күз көңілі	75
Жалғыздық жоқ	76
Ақын деген – ақсүйек	77
Өмір әрбір ой-санаға қауқарлы	78
Біздің көше	79
Біз жүрген әлем сұлу	80
Сол бір сәт	81
Менің анам	82
Сағындым	83
Ой	84
Менің менім	85
Шахмат өмір	86
Галактикадағы ғұмыр	87
Досым	88

Бикеш	89
Арман арғымақтары	90
Бір қыз бар еді	91
Ақын ақиқаты	93
Ақылды ару	94
Терең ойлар	95
«Оңтүстік – Шығыс»	96
Кей адамдар	98
Сені көрсем	99
Әлсіз арман	100
Құдірет	101
Жалғыздықта	102
Тағдыр, неге?	103
Өмір	104
Ғашықтың жыры	105
Шатаспаңыз	106
Дәурен	107
Көш пен кеш	108
Махаббат	110
Сен деп	112
Періште	113
Ол көктем оралмайды	114
Жүректің кілтін өзіңе	115
Көктемісің?	116
Мен білемін	117
Оралу	118
Ғаламның барлығы	119
Күз бен сіз	120

Қынай бел	121
Қасымға сыр	122
Көктемім	124
Досым	125
Белгісіздік	126
Оныншы ғаламшар	127
Ауыл дастан	128
Мұңды сұлу	131
Мейірім мекені	132
Нала	133
Мен сені әкеткім келеді	134
Қарағанды	135
Менің жаным өзінді тағы аңсады	136
Бақытың өзге	137
Сәкен орындығындағы ой	138
Жаңаарқа – жақұт мекен	139
Күз келді	140
Шабыт қайда?	141
Сүйдім	142
Ұнаттым	143
Еркіндік жолы	144
Шымкент	145
Егер	146
Көктем келді, сен жоқсың	147
Кешірім	148
Құбылыс	149
Әл-Фараби бабама	150
Ауылға барсам тағы да	151

Жалғыз ару жетеді	152
Суық сезім	153
Түркістан	154
Қара қазан астындағы сұлтан	156
Менен ақын шықпайды екен	158
Естелік	159
Жан жарым	160

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ. ӘНДЕР

Жау жаңбыр	162
Тәрбие туралы жыр	163
Ардақты әке	164
Ата	165
Жеті қазына	166
Таза жүрейдік	168
Достық жыры	169
Ноталар	170
Уақыттың қадірі	171
Табиғатты аялайық	172
Билейік бәріміз	173

*Тапсырыс беруші
Түркістан облысының мәдениет басқармасы*

Басуға 22.07.24 қол қойылды. Пішімі 80x108 1/32.
Көлемі 11 б.т. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №2822

«Віік» баспасы.,
Шымкент қаласы, Б.Момышұлы даңғылы, 25 үй